

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КӨПРЛЕРДІ ЖОБАЛАУ.
БОЛАТ ТЕМІРБЕТОН КӨПРЛЕР БӨЛІМІ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ МОСТОВ.
ЧАСТЬ. СТАЛЕЖЕЛЕЗОБЕТОННЫЕ МОСТЫ

ҚР НТҚ 04-02.1-2012
(ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011)
НТП РК 04-02.1-2012
(к СН РК EN 1994-2:2005/2011)

Ресми басылым
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс,
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын
басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и
управления земельными ресурсами**
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- | | |
|--|---|
| 1. ӘЗІРЛЕГЕН: | «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС |
| 2. ҰСЫНҒАН: | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы |
| 3. БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ: | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап |
| 4. ЕНГІЗІЛДІ: | Алғашқы рет |

ПРЕДИСЛОВИЕ

- | | |
|---------------------------------------|---|
| 1. РАЗРАБОТАН: | АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД» |
| 2. ПРЕДСТАВЛЕН: | Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан |
| 3. ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ: | Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года |
| 4. ВВЕДЕН: | Впервые |

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	V
1 Қолдану саласы	1
2 Нормативті сілтемелер	2
3 Терминдер мен анықтамалар	4
4 Белгілер мен қысқартулар	5
4.1 Латын алфавитінің бас әріптері	5
4.2 Латын алфавитінің кіші әріптері	8
4.3 Грек алфавитінің бас әріптері	9
4.4 Грек алфавитінің кіші әріптері.....	10
5 Көпірлік болаттемірбетонды конструкцияны жобалау негіздері	11
5.1 Жүктелімдер мен әсерлер	11
5.2 Материалдар	13
5.2.1 Бетон.....	13
5.2.2 Конструкциялық болат	17
5.2.3 Арматура	18
5.2.4 Біріктіру элементтері	19
5.3 Конструкциялардың статикалық талдауы	19
5.3.1 Есептік модельдер	19
5.3.2 Есептеу әдістері	20
5.3.3 Көлденең қималардың жіктелуі	20
5.3.4 Темірбетон плитасының тиімді енін анықтау	21
5.3.5 Геометриялық және физикалық факторлардың әсері	23
6 Көтеру қабілеті бойынша есептер	25
6.1 Аралық құрылымның арқалықтары	25
6.1.1 Иілу кезіндегі көтеру қабілеті	25
6.1.2 Иілістің жазық пішінінің төзімділігі	29
6.1.3 Тік жазықта ығыстыру кезіндегі көтеру қабілеті	29
6.1.4 Темірбетон плитасының бойлық ығысуға есебі.....	29
6.1.5 Ығыстыру қосылыстарының есебі	31
6.1.6 Төзімділікке есептер	33
6.1.6.1 Ішкі күштерді анықтау	33
6.1.6.2 Болат элементтердің төзімділігін бағалау	34
6.1.6.3 Арматура төзімділігін бағалау	35
6.1.6.4 Бетон төзімділігін бағалау	37
6.1.6.5 Ығыстыру қосылыстарының төзімділігін бағалау	38
6.2 Сығылған және сығылып-иілген элементтер	53
6.2.1 Бір осьті сығу кезіндегі есептер.....	53
6.2.2 Иіліспен сығу есептері.....	56
6.2.3 Болат элементтердің жергілікті орнықтылығын жоғалтуы	59
6.2.4.Жинақталған күштерді беру учаскелері	60
6.2.5 Конструктивті талаптар	62
7 Пайдалануға жарамдылығы бойынша есептер	65

7.1 Иілімдерді тексеру	65
7.2 Дірілді шектеу	66
7.3 Бетонда жарықшақтанудың түзілуін шектеу	67
8 Арқалық төсемдері.....	69
8.1 Ішкі күштерді анықтау	69
8.2 Көтеру қабілетін тексеру.....	70
8.3 Пайдалану жарамдылығы бойынша тексеру.....	72
А қосымшасы (ақпараттық) Заманауи болаттемірбетонды көпірлерінің конструктивті шешімдері мен элементтері	73
Б қосымшасы (ақпараттық) ГОСТ бойынша болат кескіндердің сұрыптамасы	103
В қосымшасы (ақпараттық) Болат еуропалық қоставрлардың сұрыптамасы	108
Библиография	138

КІРІСПЕ

Осы нормативті-техникалық құрал «Қазақ ғылыми-зерттеу және жобалау-эксперименталдық сейсмикаға төзімді құрылыс пен сәулет институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны («ҚазҒЗСТҚСИ» РМК) дайындаған.

Осы нормативті-техникалық құралда:

- ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 2-9 тарауларында мазмұндалған болаттемірбетон көпірлерді жобалау қағидалары мен ережелері;
- ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 2-9 тарауларында мазмұндалған қағидалар мен ережелерді дамытатын ережелер;
- ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 2-9 тарауларының ережелерінің жобалау тәжірибесінде қолданылуын көрсететін мысалдар ұсынылған.

Осы нормативті-техникалық құралын әзірлеу кезінде ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 ережелерімен қатар:

- ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 құжатына Ұлттық қосымша ережелері;
- ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 «Құрылыс жобалау негіздері» тиісті ережелері;
- ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 «Болаттемірбетонды конструкцияларын жобалау. 1-1 бөлім» тиісті ережелері;
- Болаттемірбетонды көпірлері саласында маманданған шетелдік ұйымдармен орындалған жобалық шешімдер мен зерттеулердің сынақталған нәтижелері ескерілген.

Осы нормативті-техникалық құрал инженерлік-техникалық қызметкерлерге, жобалық өнімнің тапсырыс берушілеріне, жоғары оқу мәкемелерінің ұстаздары мен студенттеріне арналған.

Қазақстан Республикасында ерікті түрде нормативті құжат ретінде қолдану үшін қолданысқа енгізіледі.

БЕЛГІ ҮШІН

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН****КӨПІРЛЕРДІ ЖОБАЛАУ.
БОЛАТ ТЕМІРБЕТОН КӨПІРЛЕР БӨЛІМІ****ПРОЕКТИРОВАНИЕ МОСТОВ.
ЧАСТЬ. СТАЛЕЖЕЛЕЗОБЕТОННЫЕ МОСТЫ**

Енгізілген күні – 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы нормативті-техникалық құрал ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 «Болаттемірбетон конструкцияларын жобалау. 2-бөлім. Жалпы қағида және көпірлерге арналған ереже» ережелерін дамыта отырып жасалған және болаттемірбетонды көпірлерін жобалау кезінде қолдануға арналған.

1.2 Осы нормативті-техникалық құралы «Болаттемірбетон конструкцияларын жобалау. 2-бөлім. Жалпы қағида және көпірлерге арналған ереже» ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 келесі бөлімдерінде ұсынылған қағидалар мен ережелерді қамтиды және дамытады:

- 1 Бөлім «Жалпы ережелер»;
- 2 Бөлім «Жобалау негіздері»;
- 6 Бөлім «Көтеру қабілеті бойынша шекті күйлері»;
- 7 Бөлім «Пайдалану жарамдылығы шарттары бойынша шекті күйлері»;
- 8 Бөлім «Болаттемірбетонды көпірлеріндегі құрастырылмалы темірбетонды плиталар».

1.3 ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 мазмұндалған қағидалар мен ережелер жалпы және арнайы болып бөлінеді.

ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 құжатының 1-5 тарауларында және осы нормативті-техникалық құралда болаттемірбетон көпірлері мен олардың конструктивті элементтері үшін жалпы болып табылатын қағидалар мен ережелер ұсынылған.

Жалпы қағидалар мен ережелерді толықтыратын, болаттемірбетонды көпірлерін жобалаудың арнайы қағидалары мен ережелері:

- ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 құжатының 6-9 тарауларында және аталған бөлімдерге тиісті құралдарда;
- ҚР ҚН EN 1994-2:2004/2011 құжатының 5-8 тарауларында және аталған бөлімдерге тиісті құралдарда қамтылған.

1.4 Осы құжаттың мақсаты болаттемірбетонды көпірлерін есептеу және жобалауды қамтамасыз ету болып табылады.

1.5 Осы нормативті-техникалық құрал:

- жобалық құжаттамаға тапсырыс берушілердің (мысалы, болаттемірбетонды көпірлеріне негізгі талаптарды қалыптастыру үшін);

- болаттемірбетонды көпірлерін жобалауды жүзеге асыратын мамандардың;
- болаттемірбетонды көпірлерін жобалау және салу сапасына бақылауды жүзеге асыратын мамандардың;
- тиісті әкімшілік органдардың қолдануына арналған.

1.6 Тиісті нормативтер әзірленбейінше ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 құжатында талаптары айқындалмаған болаттемірбетонды көпірлерін жобалауды арнайы сынақтаулар нәтижесіне негізделген арнайы техникалық шарттар негізінде жүзеге асыру қажет.

2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Осы нормативті-техникалық құралды қолдану үшін келесі сілтемелік құжаттар қажет. Мерзімі көрсетілген сілтемелер үшін сілтеме құжаттың аталған басылымы ғана қолданылады, мерзімі көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтеме құжаттың соңғы басылымы (барлық өзгертулерін қоса) қолданылады:

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Күш түсетін конструкцияларды жобалаудың негіздері.

ҚР ҚН EN 1991-1-5:2003/2011 Күш түсетін конструкцияларға эсер ету. 1-5 бөлімі. Жалпы эсер ету. Температуралық эсер ету.

ҚР ҚН EN 1991-1-6:2005/2011 Күш түсетін конструкцияларға эсер ету. 1-6 бөлімі. Жалпы эсер ету. Құрылыс жұмыстарын жүргізу кезіндегі эсер ету.

ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 Күш түсетін конструкцияларға эсер ету. 2-бөлім. Көпірлерге түсетін көліктік жүктемелер.

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 Темірбетон конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлімі. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер.

ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011 Темірбетон конструкцияларды жобалау. 2-бөлім. Темірбетон көпірлер. Жобалау мен есептеудің ережелері.

ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 Болат конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлімі. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер.

ҚР ҚН EN 1993-1-3:2006/2011 Болат конструкцияларды жобалау. 1-3 бөлімі. Жалпы ережелер. Суықтай калыпталған элементтер мен кескінделген табактарға арналған қосымша ережелер.

ҚР ҚН EN 1993-1-5:2006/2011 Болат конструкцияларды жобалау. 1-5 бөлімі. Табакша жазықтығындағы жүктемелердің эрекеті кезіндегі конструкциялардың табакшалы элементтері.

ҚР ҚН EN 1993-1-8:2005/2011 Болат конструкцияларды жобалау. 1-8 бөлімі. Қосылыстарды есептеу.

ҚР ҚН EN 1993-1-9:2005/2011 Болат конструкцияларды жобалау. 1-9 бөлімі. Қажу беріктігі».

ҚР ҚН EN 1993-1-10:2005/2011 Болат конструкцияларды жобалау. 1-10 бөлімі. Илем калыңдығы бағытындағы материалдың соққылық тұтқырлығы мен беріктік қасиеттері.

ҚР ҚН EN 1993-2:2006/2011 Болат конструкцияларды жобалау. 2-бөлім. Болат көпірлер.

ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 Болат темірбетон конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлімі. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер.

ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 Болат темірбетон конструкцияларды жобалау. 2- бөлім. Көпірлерге арналған негізгі қағидалар мен ережелер.

ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 Геотехникалық жобалау. 1-бөлім. Жалпы ережелер.

ҚР СТ ISO 13918 Пісіру. Бұрмасұқпаларды доғалы пісіруге арналған бұрмасұқпалар мен керамикалық төлкелер.

ҚР СТ ISO 14555 Пісіру. Металл материалдардан жасалған бұрмасұқпаларды доғалы пісіру;

ҚР СТ EN 10025-1 Конструкциялық болаттан жасалған ыстықтай тоқылған бұйымдар. 1-бөлім. Жеткізудің жалпы техникалық шарттары;

ҚР СТ EN 10025-1 Ыстықтай жаймаланған болат конструкцияларынан жасалған бұйымдар. Жеткізудің жалпы шарттары.

ҚР СТ EN 10025-2 Ыстықтай жаймаланған болат конструкцияларынан жасалған бұйымдар. 2-бөлім. Қоспасыз болат конструкциясы үшін жеткізудің техникалық шарттары.

ҚР СТ EN 10025-3 Ыстықтай жаймаланған болат конструкцияларынан жасалған бұйымдар. Илеу процессінде қалпына келтірілген пісірілетін ұсақ түйіршікті конструкциялық болатты жеткізудің техникалық шарттары.

ҚР СТ EN 10025-4 Ыстықтай жаймаланған болат конструкцияларынан жасалған бұйымдар. 4-бөлім. Термонығайтылған иленген дәнекерлі ұсақ түйіршікті болат конструкцияларын жеткізудің техникалық шарттары.

ҚР СТ EN 10025-5 Ыстықтай жаймаланған болат конструкцияларынан жасалған бұйымдар. Атмосфералық коррозияға тұрақтылығы жоғары конструкциялық болатты жеткізудің техникалық шарттары.

ҚР СТ EN 10025-6 Ыстықтай жаймаланған болат конструкцияларынан жасалған бұйымдар. Кейіннен босатылып шынықтырылған төзімділігі жоғары конструкциялық болаттан жасалған табақты илекті жеткізудің техникалық шарттары.

ҚР СТ EN 10149-2 Салқын күйінде пішінін өзгертуге арналған ағымдылықтың жоғарғы шегіне ие болаттан жасалған ыстықтай жаймаланған жазық илем. 2-бөлім. Термомеханикалық өндеуден өткізілген иленген болатты жеткізу шарттары.

ҚР СТ EN 10149-3 Салқын күйінде пішінін өзгертуге арналған ағымдылықтың жоғарғы шегіне ие болаттан жасалған ыстықтай жаймаланған жазық илем. 3-бөлім: Қалыпқа келтірілген немесе қалыпқа келтірілген иленген болатты жеткізу шарттары.

Ескертпе – Осы мемлекеттік нормативті қолданған кезде сілтеме жасалатын құжаттардың әрекетін жыл сайын ағымдағы жыл жағдайына құрастырылатын ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы архитектура, қала құрылысы және құрылыс салаларындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар көрсеткіші» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме жасалатын құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті қолданған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме жасалатын құжат ауыстырылмай өзгертілген болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлімде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы нормативті-техникалық құралда ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 және ҚР ҚН EN 1993-2:2006/2011 бойынша терминдер қолданылады, сонымен қатар тиісті анықтамаларымен келесі терминдер қолданылады:

3.1 Болаттемірбетонды элемент (composite member): Бетон мен болат арасындағы бойлық ығысуды шектеу және бір компоненті екіншісінен бөлу үшін ығысу қосылыстарымен біріктірілген, темірбетон мен болаттан жасалған компоненттері бар конструкция элементі.

3.2 Ығысу қосылысы (shear connection): Екі компонент бір конструкция элементінің бөлігі ретінде жобалануы үшін жеткілікті төзімділік пен беріктікке ие, болаттемірбетонды элементінің темірбетон және болат компоненттері арасындағы қосылыс.

3.3 Болаттемірбетонды арқалық (composite beam): Негізінен иіліс әсеріне түсетін құрамдас элемент.

3.4 Болаттемірбетонды баған (composite column): Негізінен қысу және иіп қысу әсеріне түсетін құрамдас элемент.

3.5 Болаттемірбетонды плита (composite slab): Болат пішінді табақтар бастапқыда алынбайтын қалып ретінде қолданылатын, ал содан соң қатқан бетонмен конструктивті біріктіріліп, керу қызметін атқаратын арматура ретінде жұмыс істейтін плита.

3.6 Болаттемірбетонды рама (composite frame): Барлық немесе кейбір элементтері болаттемірбетонды құрамдастары болатын, ал қалғандары – конструктивті болат элементтер болып табылатын рамалық конструкция.

3.7 Құрастырылған түйісу (composite joint): Жобадағы арматуралау түйісу төзімділігі мен беріктігін қамтамасыз ету үшін есепке алынатын, бір болаттемірбетонды элементі басқа болаттемірбетон, болат немесе темірбетон элементі арасындағы түйіс.

3.8 Темірбетонда жарықшақтардың түзілуін ескермегендегі иілу кезіндегі қаттылық (un-cracked flexural stiffness): Болаттемірбетонды элементінің көлденең қимасының қаттылығы $E_a I_1$, мұндағы I_1 созылған бетон жарықшақсыз күйде тұр деген болжамнан есептелген, болаттың пайдалы эквивалентті қимасының нетто ауданының инерция моменті болып табылады.

3.9 Темірбетонда жарықшақтардың түзілуін ескергенде иілу кезіндегі қаттылық (cracked flexural stiffness): Құрастырылған элементтің көлденең қимасының қаттылығы $E_a I_2$, мұндағы I_2 арматуралауды есепке алып, бірақ созылған бетонды есепке алмай есептелген болатқа әкелінген болаттемірбетонды қимасы ауданының инерция моменті болып табылады.

3.10 Алдын ала кернеу (prestess): Реттелетін деформацияларды немесе кернеуленетін арматураны қолдана отырып болаттемірбетонды қимасының бетон бөлігіне сығу кернеуін қосу процессі.

3.11 Арқалық төсемі (beam slab): Темірбетонды плита мен иленген немесе пісірілген болат арқалықтарынан, бетонға ішінара енгізілген, төменгі сөресі плитаның төменгі бөлігінде тұратын төсем.

4 БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы нормативті-техникалық құралда келесі белгілеулер қабылданған:

4.1 Латын алфавитінің бас әріптері:

A_a	— конструкцияның болат бөлігінің көлденең қимасының ауданы;
A_b	— төменгі көлденең арматураның көлденең қимасының ауданы;
A_{bh}	— кертештің төменгі көлденең арматурасының (вут) көлденең қимасының ауданы;
A_c	— бетонның көлденең қимасының ауданы;
A_{ct}	— бетонның созылған аймағының көлденең қимасының ауданы;
A_{fc}	— сығылған сөренің (белбеуінің) көлденең қимасының ауданы;
A_p	— кернеуленген арматураның ауданы;
A_s	— арматураның көлденең қимасының ауданы;
A_{sf}	— көлденең арматураның көлденең қимасының ауданы;
A_t	— жоғары көлденең арматураның көлденең қимасының ауданы;
A_v	— болат пішінді конструкцияның ығысу ауданы;
A_l	— таңғышқа (фасонка) салыну алаңы;
E_a	— конструктивті болаттың серпімділік модулі;
$E_{c,eff}$	— бетонға арналған есептік серпімділік модулі;
E_{cm}	— бетонның қима серпімділік модулі;
E_s	— арматуралық болат серпімділік модулінің есептік мәні;
$(EA)_{eff}$	— жарықшақтарды ескергенде бетонның тиімді бойлық қаттылығы;
$(EI)_{eff}$	— салыстырмалы иілімділігін есептеуге арналған иілуге тиімді қаттылығы;
$(EI)_{eff,II}$	— екінші реттік есептеуге арналған иілуге тиімді қаттылық;
$(EI)_2$	— бетон немесе болаттемірбетонды плитасының енінің бірлігіне жарықшақтануды ескере отырып, иілімге қаттылық;
G_a	— конструктивті болаттың ығысу модулі;
G_c	— бетон ығысуының модулі;
I_a	— конструкцияның болат бөлігі ауданының инерция моменті;
I_{at}	— конструкцияның болат бөлігінің Сен Венан айналдыру тұрақтысы;
I_c	— жарықтақтануды ескермегенде бетон қимасы ауданының инерция моменті;
I_{eff}	— толтыру арқалығы ауданының инерциясының есептік моменті;
I_s	— болат арматура ауданының инерция моменті;
I_1	— созылған бетонда жарықшақсыз деп есептелгенде, болатқа әкелген болаттемірбетонды қимасы ауданының инерция моменті;
I_2	— арматурасы қосылған, бірақ созылған бетонды есепке алынбай саналған болатқа әкелген болаттемірбетонды қимасы ауданының инерция моменті;
L	— ұзындығы; аралық; аралықтың есептік ұзындығы;
L_e	— эквивалентті аралық;
L_{A-B}	— сәйкесінше $M_{el,Rd}$ және $M_{ed,max}$ сай келетін А және В нүктелері арасындағы серпімділіксіз аймақтың ұзындығы;
L_v	— ығысу қосылысының ұзындығы;
M	— иілу моменті;

- M_a – конструкция қимасының болат бөлігінің болаттемірбетонды қимасының есепті пластикалық шекті моментіне үлесі;
- $M_{a,Ed}$ – конструкция қимасының болат бөлігіне әсер ететін есептік иілу моменті;
- $M_{b,Rd}$ – бойлық иілу кезінде болаттемірбетонды арқалығының шекті моментінің есептік мәні;
- $M_{c,Ed}$ – болаттемірбетонды қимаға әсер ететін есептік иілу моментінің бөлігі;
- M_{cr} – болаттемірбетон арқалығының айналысымен бойлық иіліске арналған серпімділі шектік моменті;
- M_{Ed} – есептік иілу моменті;
- $M_{Ed,max}$ – болат және болаттемірбетонды элементтерге әсер ететін жалпы есептік иілу моменті;
- $M_{Ed,max,f}$ – шаршаңқы жүктемемен туындаған максимальды иілу моменті немесе ішкі күші;
- $M_{Ed,min,f}$ – шаршаңқы жүктемемен туындаған минималды иілу моменті;
- $M_{el,Rd}$ – болаттемірбетонды қимасының серпімділі шектік моментінің есептік мәні;
- $M_{f,Rd}$ – ҚР ҚН EN 1993-1-5:2006/2011 (5.2.6.1) сәйкес есептік шекті моменті;
- $M_{max,Rd}$ – қалыпты сығу күшін ескергенде шекті моменттің максималды есептік мәні;
- M_{perm} – үйлесім сипаттамасына арналған ең жағымсыз иілу моменті;
- $M_{pl,a,Rd}$ – конструкцияның болат бөлігінің қимасының пластикалық шекті моментінің есептік мәні;
- $M_{pl,N,Rd}$ – қалыпты сығу күшін ескергенде болаттемірбетонды қиманың пластикалық шекті моментінің есептік мәні;
- $M_{pl,Rd}$ – толық ығысу қосылысы бар болаттемірбетонды қиманың пластикалық шекті моментінің есептік мәні;
- $M_{pl,y,Rd}$ – толық ығысу қосылысты болаттемірбетонды қиманың у-у осіне қатысты пластикалық шекті моментінің есептік мәні;
- $M_{pl,z,Rd}$ – толық ығысу қосылысты болаттемірбетонды қиманың z-z осіне қатысты пластикалық шекті моментінің есептік мәні;
- M_{Rd} – болаттемірбетонды қиманың шекті моментінің есептік мәні;
- M_{Rk} – болаттемірбетонды қима немесе қосылыстың шекті моментінің сипаттамалық мәні;
- $M_{y,Ed}$ – у-у осіне қатысты болаттемірбетонға әсер ететін есептік иілу моменті;
- $M_{z,Ed}$ – z-z осіне қатысты болаттемірбетонға әсер ететін есептік иілу моменті;
- N_a – болаттемірбетонды арқалығы конструкциясының болат бөлігінің қимасындағы қалыпты күштің есептік мәні;
- N_c – бетон сөредегі қалыпты сығу күшінің есептік мәні;
- N_{cd} – $M_{Ed,max}$ сай келетін бетон плитасындағы есепті сығу күші;
- $N_{c,f}$ – толық ығысу қосылысы бар бетон сөредегі қалыпты сығу күшінің есептік мәні;
- $N_{c,el}$ – $M_{el,Rd}$ сай келетін бетон плитасындағы қалыпты сығу күші;
- $N_{cr,eff}$ – есепті иілу қатандығына сай келетін болаттемірбетонды тірегінің серпімділік шектік күші;
- N_{cr} – қалыпты серпімділік шектік күші;
- N_{cl} – жүктемені енгізу үшін есептелген қалыпты күштің есептік мәні;
- N_{Ed} – қалыпты сығу күшінің есептік мәні;
- $N_{Ed,serv}$ – SLS үшін бетонның созылған элементтің қалыпты күші;

- $N_{Ed,ult}$ – ULS үшін бетонның созылған элементтің қалыпты күші;
 $N_{G,Ed}$ – қалыпты сығу күшінің тұрақты бөлігінің есептік мәні;
 $N_{pl,a}$ – конструкцияның болат бөлігі қимасының қалыпты күш әсеріне пластикалық кедергісінің (беріктігінің) есептік мәні;
 $N_{pl,Rd}$ – болаттемірбетонды қимасының қалыпты күш әсеріне пластикалық кедергісінің (беріктігінің) есептік мәні;
 $N_{pl,Rk}$ – болаттемірбетонды қимасының қалыпты күш әсеріне серпімділік пластикалық кедергісінің (беріктігінің) сипаттамалық мәні;
 $N_{pm,Rd}$ – бетонның қалыпты күш әсеріне кедергісінің (беріктігінің) есептік мәні;
 N_s – болат арматураның қалыпты күш әсеріне пластикалық кедергісінің (беріктігінің) есептік мәні;
 N_{sd} – болат арматураның қалыпты созу күшінің әсеріне пластикалық кедергісінің (беріктігінің) есептік мәні;
 $N_{s,el}$ – созылу кезіндегі қаттылығын ескергенде, $M_{el,Rd}$ сай келетін, бетон плитасындағы жарықшақты ескергендегі созу күші;
 P_{Ed} – жақын қабырғадан x қашықтықта жалғастыру элементіне әсер ететін бойлық күш;
 $P_{l,Rd}$ – F_1 сай келетін, тіректің жалғыз жалғастыру өзегінің ығысу кедергісінің есептік мәні;
 P_{Rd} – жалғыз жалғастыру элементінің ығысу кедергісінің есептік мәні;
 P_{Rk} – жалғыз жалғастыру элементінің ығысу кедергісінің сипаттамалық мәні;
 $P_{t,Rd}$ – F_t сай келетін, тіректің жалғыз жалғастыру өзегінің ығысу кедергісінің есептік мәні;
 $V_{a,Ed}$ – конструкцияның болат бөлігінің қиылысына әсер ететін, көлденең күштің есептік мәні;
 $V_{b,Rd}$ – ығысу кезінде болат қабырғаның орнықтылықты жоғалту кедергісінің (беріктігінің) есептік мәні;
 $V_{c,Ed}$ – толтыру арқалығының темірбетон қимасына әсер ететін көлденең күштің есептік мәні;
 V_{Ed} – болаттемірбетонды қимаға әсер ететін көлденең күштің есептік мәні;
 V_L – болат пен бетонның түйісу бойында жүретін бойлық ығысу күші;
 $V_{L,Ed}$ – серпімділіксіз аймақтың L_{A-B} учаскесіне әсер ететін бойлық ығысу күші;
 $V_{pl,Rd}$ – болаттемірбетонды қиманың тік ығысу әсеріне пластикалық кедергісінің есептік мәні;
 $V_{pl,a,Rd}$ – конструкция қимасының болат бөлігінің тік ығысу әсеріне пластикалық ығысуының есептік мәні;
 $V_{p,Rd}$ – басылуға болаттемірбетонды плитасы кедергісінің есептік мәні;
 V_{Rd} – болаттемірбетонды плитаның тік ығысу әсері кедергісінің есептік мәні.

4.2 Латын алфавитінің кіші әріптері

- a_w – болат арқалық сөресінің консолі;
 b – болат кескін сөресінің ені; плита ені, іргелес қабырғалар арасындағы аралықтың жартысы немесе сөренің бос жиегі мен қабырға арасындағы қашықтық;

b_{eff}	– жалпы тиімді ені;
$b_{\text{eff},1}$	– екі ұшына тірелетін, аралық ортасындағы тиімді ені;
$b_{\text{eff},2}$	– аралық тіректегі тиімді ені;
b_{ei}	– қабырғаға қатысты әр жақтық бетонды сөренің тиімді ені; қорапты қималы болаттемірбетонды төменгі сөренің тиімді ені;
b_f	– болат пішінді сөресінің ені;
b_i	– қабырғаға қатысты әр жақтық бетонды сөренің геометриялық ені;
b_0	– ығысу қосылыстары элементтерінің (тіректерінің) ортасы арасындағы қашықтық; бетон қабырғаның орташа ені (кіретін пішінді табақтардың минимальды ені); вут ені;
c	– болатты сөренің кертешінің ені; арматуралық өзектің тиімді периметрі;
c_{st}	– арқалық төсемнің болат арқалықтарының үстіндегі бетонның қорғаныс қабаты;
d_s	– созылған болат арматура мен болаттемірбетонды плитасының шеткі қысылған фибрасы арасындағы аралық; арқалықтың болат қимасының ауырлық орталығы мен созылған бойлық арматура арасындағы аралық;
e_D	– шетіне дейінгі қашықтық;
e_g	– болаттемірбетонды тірегіндегі бүйірдегі плита мен арматура арасындағы саңылау;
e_h	– егер F_d бетон плитасына әсер етсе, F_d күшінің жұмылу нүктесінен тиісті болат қабырғасына дейінгі көлденең аралық;
e_v	– егер F_d болат элементке әсер етсе, F_d күшінің жұмылу нүктесінен тиісті ығысу қосылысының жазықтығына дейінгі тік аралық;
f_{cd}	– бетонның цилиндрлі сығу беріктілігінің есептік мәні;
f_{ck}	– жасы 28 тәуліктік бетонның цилиндрлі сығу беріктілігінің сипаттамалық мәні;
f_{cm}	– өлшенген бетонның цилиндрлі сығу беріктілігінің орташа мәні;
$f_{\text{ct,eff}}$	– созылуға бетонның есептік беріктілігінің орташа мәні;
f_{ctm}	– осьтік созылуға бетон беріктілігінің орташа мәні;
$f_{\text{ct},0}$	– созылуға бетонның бастапқы беріктігі;
f_{lctm}	– ості созылуға жеңіл бетон беріктілігінің орташа мәні;
F_{pk}	– кернелетін арматуралық элементтердің ағымдылығының шартты шегінің сипаттамалық мәні;
f_{sd}	– арматуралық болаттың ағымдылығының шартты шегінің есептік мәні;
f_{sk}	– болат арматурасының ағымдылығының шартты шегінің сипаттамалық мәні;
f_u	– созылу беріктілігінің номинальды шегі;
f_y	– конструктивті болат ағымдылығының шартты шегінің номинальды мәні;
f_{yd}	– конструктивті болат ағымдылығының шартты шегінің есептік мәні;
h	– толық биіктігі; қалыңдығы;
h_a	– болат конструкцияның профилінің биіктігі;
h_c	– бетон сөресінің қалыңдығы;
h_n	– бейтарап ось жағдайы;
h_s	– болат конструкцияның пішінінің сөрелер ауырлық орталықтарының арасындағы аралық;
h_{sc}	– жалғастыру өзегінің жалпы номинальды биіктігі;

- k – екінші реттік әсеріне арналған динамикалықты күшейту коэффициенті; коэффициент; ығысу кедергісін есептеуге арналған эмпирикалық коэффициент;
 k_c – коэффициент;
 k_s – тіректің жалғастыру өзегінің ығысуының кедергісіне арналған босату коэффициенті;
 m – шаршаңқы беріктігінің қисық еңісі; ығысу кедергісін есептеуге арналған эмпирикалық коэффициент;
 s – ығысу қосылыстарының өзектері арасындағы бойлық орталық арасындағы аралығы;
 s_f – арқалық төсемдерінің болат арқалықтарының жоғарғы сөрелері арасындағы көрініс аралығы;
 s_t – ығысу қосылыстарының өзектері арасындағы көлденең орталық арасындағы аралық;
 s_w – арқалық төсемдерінің болат арқалықтарының қабырғаларының арасындағы қашықтық;
 t_w – болат конструкцияның пішінді қабырғасының қалыңдығы;
 t_f – арқалық төсемнің болат арқалықтарының болат сөрелерінің қалыңдығы;
 v_{Ed} – бойлық ығысудың есептік кернеуі;
 $v_{L,Ed}$ – болат пен бетон арасындағы бөлініс шекарасындағы ұзындық бірлігіне бойлық ығысудың есептік күші;
 $v_{L,Ed,max}$ – болат пен бетон арасындағы бөлініс шекарасындағы ұзындық бірлігіне бойлық ығысудың максималды есептік күші;
 w_k – жарықшақтың енінің есептік мәні;
 x – ығысу қосылысының элементінен жақын қабырғасына дейінгі қашықтығы;
 x_{pl} – пластикалық бейтарап ось пен сығылған бетон плитаның шеткі фибрасы арасындағы қашықтық;
 y – сөрелерге параллельді, көлденең қима осі;
 z – сөрелерге перпендикулярлы көлденең қима осі; рычаг иығы;
 z_0 – тік қашықтығы;

4.3 Грек алфавитінің бас әріптері

- $\Delta\sigma$ – кернеу диапазондары;
 $\Delta\sigma_c$ – 2 млн. цикл үшін шаршау беріктігінің бастапқы мәні;
 $\Delta\sigma_E$ – тұрақты амплитуданың эквивалентті кернеулерінің диапазоны;
 $\Delta\sigma_{E,glob}$ – ғаламдық әсерден туындаған тұрақты амплитуданың эквивалентті кернеулерінің диапазоны;
 $\Delta\sigma_{E,loc}$ – жергілікті әсерлермен туындаған тұрақты амплитуданың эквивалентті кернеулерінің диапазоны;
 $\Delta\sigma_{E,2}$ – 2 млн. цикл үшін тұрақты амплитуданың эквивалентті кернеулерінің диапазоны;
 $\Delta\sigma_s$ – созылу кезінде бетонның қаттылығымен туындаған, болат арматурадағы кернеудің ұлғаюы;
 $\Delta\sigma_{s,eq}$ – зақымдалудың эквивалентті кернеулерінің диапазоны;

- $\Delta \tau$ – шаршаңқы жүктемке арналған жанама кернеулер диапазоны;
 $\Delta \tau_c$ – 2 млн. цикл үшін шаршаңқы беріктігінің бастапқы мәні;
 $\Delta \tau_E$ – тұрақты амплитуданың эквивалентті кернеулерінің диапазоны;
 $\Delta \tau_{E,2}$ – 2 млн. цикл үшін тұрақты амплитуданың эквивалентті жанама кернеулерінің диапазоны;
 $\Delta \tau_R$ – ығысуға шаршаңқы беріктілік.

4.4 Грек алфавитінің кіші әріптері

- α_{cr} – серпімділік деформациялар кезінде орнықтылықтың жоғалуына әкелетін есептік жүктелімдерді арттыру, коэффициент;
 α_M – болаттемірбетонды тіректің иілуіне қатысты коэффициент;
 β – коэффициент; бетон плитасына V_1 бойлық ығыстыру күшін тарату бұрышының жартысы, айнымалы параметр;
 γ_c – бетонға арналған жеке коэффициент;
 γ_F – мөлшерлік түрлері мен модельдер ақаулығын ескеретін, әсерлерге арналған жеке коэффициент;
 γ_M – мөлшерлік түрлері мен модельдер ақаулығын ескеретін, материалдар қасиетіне арналған жеке коэффициент;
 γ_{Mf} – шаршаңқы беріктілікке арналған жеке коэффициент;
 $\gamma_{Mf,s}$ – тіректердің ығысу өзектерінің шаршаңқы беріктілікке арналған жеке коэффициент;
 γ_P – алдын ала кернеу әсеріне арналған жеке коэффициент;
 γ_s – арматуралық болатқа арналған жеке коэффициент;
 γ_v – анкерлік өзек ығысуына есептік кедергіге арналған жеке коэффициент;
 δ – коэффициент; болаттың үлестік коэффициенті; орталық бөлігіндегі майысу;
 δ_{uk} – сырғу мөлшерінің сипаттамалық мәні;
 ε – $\sqrt{235 / f_y}$ мұндағы f_y мәні Н/мм² түрінде беріледі;
 $\eta_c, \eta_{co}, \eta_{cL}$ – бетонға арналған шектеуге қатысты коэффициенттер;
 $\bar{\lambda}$ – салыстырмалы иілімділік;
 $\bar{\lambda}_{LT}$ – бұратылысты бойлық иілуіне арналған салыстырмалы иілімділік;
 μ – үйкелу коэффициенті; номинальды коэффициент;
 μ_d – бір осьті иілу және сығуды есептеуге арналған коэффициент;
 μ_{dy}, μ_{dz} – иілу жазықтығына қатысты μ_d коэффициенті;
 ν_a – конструктивті болатқа арналған Пуассон коэффициенті;
 ρ – тік ығысуды ескергенде иілуге есептік кедергіні азайтуға арналған параметр;
 ρ_s – параметр; арматуралау коэффициенті;
 $\sigma_{c,Rd}$ – бетонның жергілікті есептік беріктілігі;
 σ_{ct} – бетонның шеткі талшығының созылу кернеуі;
 $\sigma_{s,max,f}$ – $M_{Ed,max,f}$ иілу моментімен туындаған арматурадағы кернеу;
 $\sigma_{s,min,f}$ – $M_{Ed,min,f}$ иілу моментімен туындаған арматурадағы кернеу;

- σ_s – созылған арматурадағы кернеу;
- $\sigma_{s,max}$ – M_{max} иілу моментімен туындаған арматурадағы кернеу;
- $\sigma_{s,max,0}$ – созылған бетонды ескермегенде M_{max} иілу моментімен туындаған арматурадағы кернеу;
- $\sigma_{s,0}$ – бетонның созылуы кезінде қаттылықты есепке алмағанда созылған арматурадағы кернеу;
- τ_{Rd} – ығысуға есептік кедергі;
- φ – сырғығыштық коэффициенті;
- χ – иілу кезіндегі орнықтылықты жоғалтуға арналған босаңсу коэффициенті;
- χ_{LT} – бұратылысы бар бойлық июге арналған босату коэффициенті.

5 КӨПРЛІК БОЛАТТЕМІРБЕТОНДЫ КОНСТРУКЦИЯНЫ ЖОБАЛАУ НЕГІЗДЕРІ

5.1 Жүктелімдер мен әсерлер

5.1.1 Болаттемірбетонды көпірлерінің есебінде жұмыстың екі кезеңін есепке алу қажет:

- болат конструкцияларға меншікті салмағының, қалыптың және бетон қоспасының массасының ауыртпалығы әсер ететін монтаждау кезеңі;

- бетонның болатпен біріктірілгеннен кейін болаттемірбетонды конструкциялар барлық қалған тұрақты жүктемелерден (жүру жабыны төсемінің, тротуар элементтерінің, қоршау шарбақтарының, коммуникациялардың және т.б. салмағы), сондай-ақ жылжымалы құрам, жаяу жүргіншілер мен атмосфералық әсерлердің уақытша жүктемелерінен күштерді қабылдайтын пайдалану кезеңі.

5.1.2 көпір конструкцияларына әсер ететін ішкі күштерді анықтау кезінде жүктемені ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (6-тарау) ұсынылған әсер ету комбинацияларының, сондай-ақ ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (A.2) сәйкес көпірлерге арналған әсерлер комбинациясының жалпы параметрлерін ескере отырып белгілеу қажет. Көлік құралдарының жүктелімдерін ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 сәйкес анықтау қажет. Жергілікті және жалпы әсерлерге арналған комбинациялар коэффициенті ұлттық қосымшада ұсынылған.

5.1.3 ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 сәйкес болаттемірбетонды көпір конструкцияларын есептеу кезінде келесі факторларды есепке алу қажет:

- тіректердің біртекті емес тұнбасына байланысты, конструкцияның негіздермен өзара әрекеттесуі (ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011);

- конструкциялардың деформацияланған геометриясының (екінші тәртіп әсерлерінің) және эксцентриситеттер, конструкцияның тігінен, тік сызықтан, жазықтықтан геометриялық ауытқулары түріндегі ақаулықтардың әсері (ҚР ҚН EN 1993-2:2006/2011);

- сырғығыштық және бетонның шөгу әсері (ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011);
- бетондағы жарықшақтықтың түзілу әсері (ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011);
- бетондағы алдын ала кернеу әсері (ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011).


МЫСАЛ

Берілгені: барьерлік қоршаулар арасындағы өту бөлігінің ені $w = 11,0$ м, бөлу жолағы жоқ 1 санатты жолдағы авто жол көпірі (5.1-сурет).

Қажет етіледі: пайдалану жарамдылығы мен көтеру қабілетін тексеру үшін қолданылатын LM1 жүктеу моделі үшін көлік құралдарынан уақытша тік ауыртпалықтарын таратуды орнату.

Жолақтың жүктелу енін 3 м қабылдаймыз. Жүру бөлігінде орналастыруға болатын n жүктеу жолақтарының максималды саны $11,0/3 = 3$ тең. Қалған аумағының ені $w - 3n = 11 - 3 \times 3 = 2$ м 5.1-суретте №1 максималды жүктелген қималы болат арқалықтың кернелген-деформацияланған күйіне қосқан үлесіне сәйкес жүктеу жолақтарының нумерациясы көрсетілген. Сол суреттің төменгі бөлігінде ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 сәйкес әрбір жолақтағы біркелкі (UDL) және тандемді (TS) көлік жүктелімінің мөлшері мен таралуы берілген.

Максималды жүктелген аралық
арқалықтың осі



5.1-сурет – LM1 жүктелім моделі үшін авто жолды болаттемірбетонды көпірде өзіне тән көлік жүктелімінің таралуы


5.2 Материалдар

5.2.1 Бетон

5.2.1.1 Болаттемірбетонды көпір конструкцияларын тұрғызу үшін беріктілік класы C20/25 және LC20/22 төмен емес және C60/75 пен LC60/66 жоғары емес ауыр және жеңіл бетондарды қолдану қажет.

5.2.1.2 Қарапайым және жеңіл бетондардың сипаттамалық беріктілігінің мәндері f_{ck} және басқа да механикалық параметрлері ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 3.1.2-тармағына сәйкес 5.1a және 5.1б-кестелерінде ұсынылған. Беріктіліктің есептік мәндерін f_{cd} анықтау кезінде қауіпсіздіктің жеке коэффициентін γ_c ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 2.4.2.4-тармағына сәйкес тұрақты және ауыспалы есептік жағдай үшін 1,5 тең етіп, ал апаттық есептік жағдайы үшін 1,2 тең етіп қабылдау қажет.

5.2.1.3 Серпімділік модулінің мәндері E_{cm} ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес 5.1a және 5.1б-кестелерінде ұсынылған. Тәжірибелік есептерде 5.2-суретте көрсетілген кернеу мен қатысты деформация арасындағы жеңілдетілген графикалық тәуелділіктер қолданылуы мүмкін.



5.2-сурет - ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (3.1.7(2)) сәйкес бетонның сығу кезінде қатысты деформация мен кернеу арасындағы параболикалық тік бұрышты (а) және бисызықты (б) (ε_{c3} және ε_{cu3} мәндері 5.1-кесте бойынша қабылданады)

5.2.1.4 Пуассон коэффициентін жарықшақтары жоқ бетон үшін 0,2 тең, ал жарықшақтары бар бетон үшін 0 тең, ал температуралық кеңейту коэффициентін $10 \times 10^{-6} \cdot K^{-1}$ қабылдау қажет.

5.2.1.5 Болаттемірбетонды конструкцияларының пайдалану жарамдылығы бойынша шекті күйлерін, сондай-ақ көтеру қабілеті бойынша кейбір шекті күйлерін, мысалы орнықтылығын тексеру кезінде бетонның шөгуі және сырғуынан әсерлерді есепке алу қажет. Сырғу коэффициентінің φ (∞ , t_0) шекті мәндері ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 бойынша S, N, R цементтің әртүрлі кластары үшін 3.1-суретте ұсынылған.

5.2.1.6 Есептеулерде қарапайым бетонның бос шөгуінің толық деформациясының жуықталған мәндерін құрғақ орта шарттарында $\varepsilon_{cs} = 325 \times 10^{-6}$ ретінде, ал басқа шарттар

үшін $\varepsilon_{cs} = 200 \times 10^{-6}$ ретінде қабылдауға болады. Жеңіл бетонның еркін шөгуінің толық деформациясының жуықталған мәндерін құрғақ орта шарттарында $\varepsilon_{cs} = 500 \times 10^{-6}$ ретінде, ал басқа шарттар үшін $\varepsilon_{cs} = 300 \times 10^{-6}$ ретінде қабылдауға болады. Бетонның кебуі және қатуы кезінде оның шөгуінің нақты мәндерін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 нормасының 3.1.4(6) тармағына сәйкес анықтау қажет.

5.1а-кесте - ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (3.1.2) сәйкес қарапайым бетонның беріктілік және деформациялық сипаттамалары

Бетон беріктілігінің класы															Аналитикалық тәуелділігі түсіндірмелерімен
f_{ck} , МПа	12	16	20	25	30	35	40	45	50	55	60	70	80	90	
$f_{ck,cube}$, МПа	15	20	25	30	37	45	50	55	60	67	75	85	95	105	
f_{cm} , МПа	20	24	28	33	38	43	48	53	58	63	68	78	88	98	$f_{cm} = f_{ck} + 8$
f_{ctm} , МПа	1,6	1,9	2,2	2,6	2,9	3,2	3,5	3,8	4,1	4,2	4,4	4,6	4,8	5,0	$f_{ctm} = 0,3 \cdot f_{ck}^{2/3} \leq C50/60 f_{ctm} = 2,12 \ln [1 + (f_{cm}/10)] > C50/60$
$f_{ctk,0,05}$, МПа	1,1	1,3	1,5	1,8	2,0	2,2	2,5	2,7	2,9	3,0	3,1	3,2	3,4	3,5	$f_{ctk,0,05} = 0,7 f_{ctm}$ Квантиль 5 %
$f_{ctk,0,95}$, МПа	2,0	2,5	2,9	3,3	3,8	4,2	4,6	4,9	5,3	5,5	5,7	6,0	6,3	6,6	$f_{ctk,0,95} = 1,3 f_{ctm}$ Квантиль 95 %
E_{cm} , МПа	27	29	30	31	33	34	35	36	37	38	39	41	42	44	$E_{cm} = 22[(f_{cm})/10]^{0,3} f_{cm}$, МПа
ε_{c1} , %	1,8	1,9	2,0	2,1	2,2	2,25	2,3	2,4	2,45	2,5	2,6	2,7	2,8	2,8	$\varepsilon_{c1} = 0,7 \cdot f_{cm}^{0,31} \leq 2,8$
ε_{cu1} , %	3,5									3,2	3,0	2,8	2,8	2,8	$f_{ck} \geq 50$ МПа үшін $\varepsilon_{cu1} = 2,8 + 27[(98 - f_{cm})/100]^4$
ε_{c2} , %	2,0									2,2	2,3	2,4	2,5	2,6	$f_{ck} \geq 50$ МПа үшін $\varepsilon_{c2} = 2,0 + 0,085 (f_{ck} - 50)0,53$
ε_{cu2} , %	3,5									3,1	2,9	2,7	2,6	2,6	$f_{ck} \geq 50$ МПа үшін $\varepsilon_{cu2} = 2,6 + 35[(90 - f_{ck})/100]^4$
n	2,0									1,75	1,6	1,45	1,4	1,4	$f_{ck} \geq 50$ МПа үшін $n = 1,4 + 23,4[(90 - f_{ck})/100]^4$
ε_{c3} , %	1,75									1,8	1,9	2,0	2,2	2,3	$f_{ck} \geq 50$ МПа үшін $\varepsilon_{c3} = 1,75 + 0,55 [(f_{ck} - 50)/40]$
ε_{cu3} , %	3,5									3,1	2,9	2,7	2,6	2,6	$f_{ck} \geq 50$ МПа үшін $\varepsilon_{cu3} = 2,6 + 35[(90 - f_{ck})/100]^4$

5.16-кесте - ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес жеңіл бетонның беріктілік және деформациялық сипаттамалары

Жеңіл бетонның төзімділік класы														Аналитикалық тәуелділігі түсіндірмелерімен
$f_{\text{іck}}$, МПа	12	16	20	25	30	35	40	45	50	55	60	70	80	
$f_{\text{іck,cube}}$, МПа	13	18	22	28	33	38	44	50	55	60	66	77	88	
$f_{\text{іcm}}$, МПа	17	22	28	33	38	43	48	53	58	63	68	78	88	$f_{\text{іck}} \geq 20$ МПа үшін $f_{\text{іcm}} = f_{\text{іck}} + 8$ МПа
$f_{\text{іctm}}$, МПа	$f_{\text{іctm}} = f_{\text{ctm}} \eta_1$;													$\eta_1 = 0,40 + 0,60 \rho / 2200$
$f_{\text{іctk},0,05}$, МПа	$f_{\text{іctk},0,05} = f_{\text{ctk},0,05} \eta_1$													5 % – квантиль
$f_{\text{іctk},0,95}$, МПа	$f_{\text{іctk},0,95} = f_{\text{ctk},0,95} \eta_1$													95 % – квантиль
$E_{\text{іcm}}$, МПа	$E_{\text{іcm}} = E_{\text{cm}} \eta_E$;													$\eta_E = (\rho / 2200)^2$
$\varepsilon_{\text{іc}1}$, %	$k f_{\text{іcm}} / (E_{\text{іc}i} \eta_E)$ ($k = 1,1$ табиғи құмнан жасалған ұсақ толтырғышты бетон үшін; $k = 1,0$ жеңіл ұсақ және тірі толтырғыштары бар бетондар үшін)													
$\varepsilon_{\text{іcu}1}$, %	$\varepsilon_{\text{іc}1}$													
$\varepsilon_{\text{іc}2}$, %	2,0									2,2	2,3	2,4	2,5	
$\varepsilon_{\text{іcu}2}$, %	$3,5 \eta_1$									$3,1 \eta_1$	$2,9 \eta_1$	$2,7 \eta_1$	$2,6 \eta_1$	$ \varepsilon_{\text{іcu}2} \geq \varepsilon_{\text{іc}2} $
n	2,0									1,75	1,6	1,45	1,4	
$\varepsilon_{\text{іc}3}$, %	1,75									1,8	1,9	2,0	2,2	
$\varepsilon_{\text{іcu}3}$, %	$3,5 \eta_1$									$3,1 \eta_1$	$2,9 \eta_1$	$2,7 \eta_1$	$2,6 \eta_1$	$ \varepsilon_{\text{іcu}3} \geq \varepsilon_{\text{іc}3} $

5.2.2 Конструкциялық болат

5.2.2.1 ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 (3.1) сәйкес конструкциялық ыстықтай жаймаланған болаттың беріктілік сипаттамалары 5.2-кестеде берілген. Болаттың басқа маркаларының сипаттамалары ұлттық қосымшада берілуі мүмкін. $f_y = R_{eh}$ және $f_u = R_m$ тең болатын конструктивті болат үшін уақыт кедергісі мен ағымдылық шегінің номиналды мәндері жеткізушілер немесе зауыт-өндірушілердің деректері бойынша да қабылдануы мүмкін, бұл ұлттық қосымшада келісілуі тиіс.

5.2.2.2 ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 (3.2.6) сәйкес 5.2-кестеде ұсынылған конструкциялық болат үшін деформациялық сипаттамалардың келесі мәндерін есепке алу қажет:

- серпімділік модулі $E = 210000$ МПа;
- ығысу модулі $G = 81000$ МПа;
- Пуассон коэффициенті 0,3;
- сызықты термиялық кедергі коэффициенті $\alpha = 12 \times 10^{-6}$ ($T < 100^\circ\text{C}$ болғанда).

5.2-кесте - ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 (3.1) сәйкес конструктивті ыстықтай жаймаланған болаттың уақытша созылу кедергісі f_u және ағымдылық шегінің f_y номиналды мәндері

Стандарт және болат маркасы	Элементтің номиналды қалыңдығы			
	$t \leq 40$ мм		$40 \text{ мм} < t \leq 80$ мм	
	f_y (МПа)	f_u (МПа)	f_y (МПа)	f_u (МПа)
ҚР СТ EN 10025-2				
S235	235	360	215	360
S275	275	430	255	410
S355	355	510	335	470
S450	440	550	410	550
ҚР СТ EN 10025-3				
S275N/NL	275	390	255	370
S355N/NL	355	490	335	470
S420N/NL	420	520	390	520
S460N/NL	460	540	430	540
ҚР СТ EN 10025-4				
S275M/ML	275	370	255	360
S355M/ML	355	470	335	450
S420M/ML	420	520	390	500
S460M/ML	460	540	430	530
ҚР СТ EN 10025-5				
S235W	235	360	215	340
S355W	355	510	335	490
ҚР СТ EN 10025-6				
S460Q/QL/QL1	460	570	440	550

5.2.2.3 ҚР ҚН EN 1993-1-10:2005/2011 3.2.3-тармағына сәйкес болат конструкциялар

қызметінің есептік мерзімі аралығында пайдаланудың ең төменгі температурасында созылған және сығылған элементтердің морт сынуына жол бермейтін, жеткілікті соққылық тұтқырлыққа ие болуы қажет. Ең төменгі температураның мәні ұлттық қосымшада берілген.

5.2.2.4 ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 сәйкес болаттемірбетонды конструкцияларда температуралық құбылмалықтан деформацияларды, кернеу мен күшті анықтағанда, сызықтық термиялық кеңею коэффициенті $10 \times 10^{-6} \cdot ^\circ\text{C}^{-1}$ болып есептеледі. Көпірлердің температуралық ұзаруының өзгеруін есептеу үшін барлық конструкциялық материалдар үшін жылулық кеңею коэффициентін $12 \times 10^{-6} \cdot ^\circ\text{C}^{-1}$ тең деп қабылдау қажет.

5.2.3 Арматура

5.2.3.1 Арматуралық болат қасиеттерінің сипаттамаларын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 3.2-тармағына сәйкес немесе ұлттық қосымшалар бойынша қабылдау қажет. Арматураның минус 40°C -тан плюс 100°C дейінгі температуралардағы механикалық қасиеттері ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (С.1) сәйкес 5.3-кестеде ұсынылған.

5.3-кесте - ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (С.1) сәйкес арматураның қасиеттері

Арматура түрі		Өзектер мен бухталар өзектері			Сымнан жасалған торлар			талаптар немесе квантиль мәні, %						
Класс		A	B	C	A	B	C	–						
f_{yk} немесе $f_{0,2k}$ ағымдылығының өзіне тән шегі, МПа		400–600						5,0						
Минималды мәні $k = f_t / f_{yk}$		$\geq 1,05$	$\geq 1,08$	$\geq 1,15$ $< 1,35$	$\geq 1,05$	$\geq 1,08$	$\geq 1,15 < 1,35$	10,0						
Максималды ауыртпалық кезінде деформацияға қатысты сипаттамалары ε_{uk} , %		≥ 2 ,	≥ 5 ,	$\geq 7,5$	$\geq 2,5$	$\geq 5,0$	$\geq 7,5$	10,0						
Іілү қабілеті		Іілуге (майысуға) сынау			–									
Тілінуге беріктігі		–			0,3 Af_{yk} (A – сымның қима ауданы)			Минимум						
Номиналды массасынан максималды ауытқуы (жекелеген өзек немесе сым), %	Өзектің номиналды мөлшері, мм							5,0						
	≤ 8								$\pm 6,0$					
	> 8								$\pm 4,5$					

5.2.3.2 Көтеру қабілеті бойынша шекті күйлерін тексеру кезінде арматура үшін қауіпсіздік коэффициентін γ_s тұрақты және өтпелі есептік жағдайлар үшін $\gamma_s = 1,15$ және апаттық есептік жағдайлар үшін $\gamma_s = 1,0$ тең деп қабылдау қажет.

5.2.3.3 Арматура үшін серпімділік модулінің мәнін $E_s = 200$ ГПа тең деп қабылдау қажет. Болаттемірбетонды конструкциялар үшін E_s серпімділік модулінің есептік мәнін конструкциялық болатқа арналған мәніне тең деп қабылдауға болады, ол ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 3.2.6(1)-тармағына сәйкес $E_s = 210$ ГПа тең болады.

5.2.4 Біріктіру элементтері

5.2.4.1 Бетонның болат конструкциялармен бірлескен жұмысы, яғни олар арасында туындайтын ығыстыру күштерін қабылдау қабілеті біріктіру элементтермен қамтамасыз етілуі қажет. Соңғылары көлденең күштер, бетонның шөгуі мен сырғымалығымен, сондай-ақ біріктірілген конструкцияға әртекті температуралық әсермен тигізілген ығыстыру күшін қабылдауы қажет. Бұл ретте болат пен бетон арасындағы үйкелу күші есепке алынбайды.

5.2.4.2 Тәжірибеде сынақталған біріктіру элементтерін, мысалы ҚР СТ ISO 13918 сәйкес қондырылған бастиектері бар цилиндрлі анкерлерді қолданған жөн. Ығыстырушы біріктіру элементтерінің басқа түрлері осы құралдың А.8 айтылған.

5.2.4.3 Қосылыстардың есептік көтеру қабілеті ҚР ҚН EN 1993-1-8:2005/2011 және ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 мазмұндалған талаптарды қанағаттандыруы тиіс. Болаттемірбетонды көпірлерінде қолданылатын металл бекіту бұйымдары мен дәнекерлеу материалдары ҚР ҚН EN 1993-1-8:2005/2011 талаптарына сай келуі қажет.

5.3 Конструкциялардың статикалық талдауы

5.3.1 Есептік модельдер

5.3.1.1 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (5.1.1) сәйкес болаттемірбетонды конструкциялардың есептік модельдері олардың көлденең қималарының, элементтерінің, түйіндік қосылыстары мен тіректерінің жоспарланған әсерін көрсетуі қажет. Осы құралда көпшілік конструкциялық элементтер мен түйіндері болаттемірбетонды немесе болат болып табылатын конструкциялар қарастырылады. Егер конструкциялардың кернеулі-деформацияланған күйі негізінен бемірбетон немесе алдын ала кернеуленген темірбетонэлементтердің жұмысымен анықталса, онда оның статикалық есебі ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 нормаларына сәйкес жүзеге асырылуы қажет.

5.3.1.2 Болаттемірбетонды көпірлерінде иілу моменттерін толық қабылдайтын және өткізетін қатты қосылыстарды және иілу моменттерін өткізбейтін және қабылдамайтын топса қосылыстарын қолдану қажет. Жұмысы статикалық есептер нәтижелеріне әсер ететін жұмсақ қосылыстарды қолдануға болмайды.

5.3.1.3 Конструкциялардың қатаңдық сипаттамаларын анықтау кезінде, жарықшақтардың, бетонның жылжымалығы мен қосылыстардың жұмысын есепке алу қажет. Негіздемелердің біртегіс емес шөгінділеріне сезімтал статикалық анықталмайтын

аралық құрылыстарда негіздеменің көпірлік тіректермен өзара әсерін есепке алу қажет, бұл ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 мазмұндалған

5.3.2 Есептеу әдістері

5.3.2.1 Конструкция қималарындағы ішкі күштерді (иілу моменттері, көлденең және бойлық күштер) түпкілікті элементтер әдісіне негізделген бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып пластикалық және серпімділік статикалық есептер арқылы анықтауға болады. Серпімділік есепті қималардың кез келген класы үшін қолдануға болады, ал пластикалықты арматураның алдын ала кернеуі қолданылмайтын шартта, тек 1 және 2 класты тиімді болаттемірбетонды қималары үшін ғана қолдануға болады. Бұл ретте керілген аймақтың бетонының тығыздығы әдетте есепке алынбайды.

5.3.2.2 Серпімділік есепті кернеу деңгейіне тәуелсіз деформациялар мен кернеулер арасындағы сызықты тәуелсіздікке негіздеу қажет. Серпімділік есеп бетондағы жарықшақтардың түзілуі сияқты сызықты емес әсерлерге тиісті түзетулермен пайдалану жарамдылығы бойынша және төзімділігі бойынша шекті күйлерді тексеру үшін қолданылады. Серпімділік есеп негізінде көлденең қиманың көтеру қабілеті пластикалық деформацияларды ескере отырып анықталғанда немесе жергілікті орнықтылықты жоғалтумен шектелгенде де, ішкі күштер анықталуы мүмкін.

5.3.2.3 Пластикалық топсаның түзілуін ескере отырып жүргізген есепті элемент қималары иілу моменттердің қайта бөлінуін қамтамасыз ету мақсатында бұрылысқа жеткілікті қабілетке ие жерлерде және элементтердің пластикалық топсалардың орнықтылығы кепілденген жерлерде қолдану қажет. Пластикалық топсаның түзілу жерлерінде көлденең қималар пластикалық топсаның бұрылыс жазықтығымен үйлесетін симметрияның қос немесе жалғыз жазықтығына ие болуы қажет.

5.3.3 Көлденең қималардың жіктелуі

5.3.3.1 [5.5.1] Қима класын ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 талаптарына сәйкес орнату қажет. Болаттемірбетонды қимасын оның сығылған болат элементтерінің ең жағымды класымен сәйкес жіктеу қажет. Темір бетон элементпен біріктірілген болат сығылған элемент тұрақтылықты жоғалтудан сенімді бекітілу шартында жағымдырақ класқа жатқызылуы мүмкін. Мысалы, темірбетон плитамен біріктірілген қалыңдығы t_f жоғарғы қысылған сөре арқалық бойындағы біріктіру элементтерінің арасындағы қашықтық тұтас плиталар жағдайында $22t_f\sqrt{235/f_y}$ аспайтын, ал көлденең қабырғалары плиталар жағдайында $15t_f\sqrt{235/f_y}$ аспайтын шартта, 1 немесе 2 класқа жатқызылуы мүмкін. Оның үстіне қысылған сөре шетінен жақын маңдағы біріктіру элементтеріне дейінгі қашықтық $9t_f\sqrt{235/f_y}$ аспауы қажет.

5.3.3.2 Көлденең қималарды жіктеу кезінде бетонның шөгуі мен сырғуының әсері мен тұрғызу кезектілігін ескере отырып, қатты кезеңде кернеудің бөлінуін қабылдау қажетті 3 және 4 кластар арасындағы шекарадағы қималарды қоспағанда, пластикалық кезеңдегі кернеудің бөлінуін қабылдау қажет. Болаттемірбетонды қималарындағы

созылған бетонды есептеудің қажеті жоқ. Кернеудің бөлінуін тиімді сөрелер мен болат қабырғалардан тұратын брутто көлденең қима үшін анықтау қажет.

5.3.4 Темірбетон плитасының тиімді енін анықтау

5.3.4.1 Болеттемірбетон иілетін элементтерді есептеу кезінде бетон плита қималарының болат арқалығының жұмысына қосылу деңгейін белгілеу қажет. Бетон плитасының тиімді енін аралық ұзындығының бойымен оның өзгеруін ескере отырып анықтау қажет. Ықшамдау мақсатында тиімді енді аралық ортасында $b_{eff,1}$ еніне тең және әрбір аралықтың оң иілу моменті аймағының бүкіл ұзындығы бойынша өзгеруін ескере отырып анықтау қажет. Дәл осындай қабылдауды аралық тіректің екі жағынан теріс иілу моментінің әсер ету аймағының ұзындығы бойынша $b_{eff,2}$ тиімді енге қатысты қабылдауға болады.

5.3.4.2 [5.4.1.2(5)] Аралық ортасындағы қималарда немесе тіректе b_{eff} тиімді енінің мәні формуладан анықталады (5.3-сурет):

$$b_{eff} = b_0 + \sum b_{ei} , \quad (5.1)$$

мұндағы b_0 – шеткі біріктіру бөлшектерінің орталары арасындағы қашықтық;

b_{ei} – $L_e/8$ -ге тең болып, бірақ b_i геометриялық енінен аспайтын, қабырғаның әрбір жағынан бетон плитасының тиімді енінің мәні.

b_i мәнін шеткі біріктіру бөлшегінен аралас арқалық қабырғалары арасындағы қашықтықтың ортасында орналасқан нүктеге дейінгі қашықтыққа тең етіп қабылдауға болады. Шеткі арқалықтар үшін b_i мәні біріктіру бөлшегінен бетон плитасының аспасының шетіне дейінгі қашықтыққа тең болып қабылданады. L_e ұзындығын иілу моментінің нөлдік нүктелері арасындағы қашықтыққа тең деп қабылдау қажет. L_e ұзындығына әсер ететін, әртүрлі жүктемелерден майыстырушы эпюра моментімен кесілмейтін болаттемірбетонды арқалықтар үшін, сонымен қатар консольдер үшін L_e мәнін 5.3-суретке сәйкес қабылдау қажет.

5.3.4.3 [5.4.1.2(6)] Шеткі тіректегі плитаның тиімді енін мына формула бойынша анықтау қажет:


$$b_{eff} = b_0 + \sum \beta_i b_{ei} , \quad (5.2)$$

ондағы

$$\beta_i = (0,55 + 0,025 \cdot L_e / b_{ei}) \leq 1,0 , \quad (5.3)$$

мұндағы b_{ei} – шеткі аралықтың ортасындағы бетон плитасының тиімді ені;

L_e – 3-суретке сәйкес шеткі аралықтың тиімді ұзындығы.




5.3-сурет - ҚР ҚН EN 1994-2:2003/2011 нормасының 5.4.2.2 тармағына сәйкес бетон плитасының тиімді енін анықтауға арналған эквивалентті аралықтар: $b_{eff,1}$ үшін $1 - L_e = 0,85L_1$, $b_{eff,2}$ үшін $2 - L_e = 0,25(L_1 + L_2)$, $b_{eff,1}$ үшін $3 - L_e = 0,70L_2$, $b_{eff,2}$ үшін $4 - L_e = 2L_3$

МЫСАЛ


Берілгені: автожол көпірінің болаттемірбетонды кесілмейтін үш аралықты құрылысы (5.4-сурет).

Қажет: аралықтар мен тіректерде темірбетон плитаның қималарының ұсынылған енін анықтау.

5.3-суреттің нұсқауларына сәйкес плитаның L_e эквивалентті ұзындығын анықтаймыз. Аралықтардағы және тіректер үстіндегі есептелген эквивалентті ұзындықтардың мәндері 5.4-суретте ұсынылған. Плитаның ұсынылған қимасының енін Формулалар (5.1) – (5.3) бойынша есептейміз. Есептеулердің нәтижелері 5.5-суреттегі кестеде ұсынылған.



5.4-сурет – Көпір плитасының эквивалентті ұзындығын анықтау



Қималардың орналасуы	L_e (м)	b_{e1}	b_{e2}	β_1	β_2	b_{eff} (м)
С0-Р1 және С3-Р2 аралығында	51	3,2	2,2	/	/	6,0
Р1-Р2 аралығында	56	3,2	2,2	/	/	6,0
Р1 және Р2 тіректері үстінде	35	3,2	2,2	/	/	6,0
С0 және С3 тіректері кезінде	51	3,2	2,2	0,948	$1,129 < 1,0$	$5,38 < 6,0$

5.5-сурет - плита қимасының ұсынылған енін анықтау

5.3.5 Геометриялық және физикалық факторлардың әсері

5.3.5.1 Болаттемірбетонды конструкциялар олардың геометриялық кемшіліктерін, бетондағы саңылаулардың түзілуіне әсерін, бетонның шөгуі мен сырғуының деформацияларын, температуралық деформацияларын, көтеру кезектілігі мен алдын ала кернелуін ескере отырып есептелуі қажет.

5.3.5.2 Геометриялық кемшіліктеріне тігінен ауытқуларды, тік сызықтылығы мен жазықтығының болмауын, мон таждық ауытқуларды және жүктелмеген конструкциялар түйініндегі міндетті эксцентриситеттерді жатқызу қажет. Аталған кемшіліктер ҚР ҚН EN 1993-2:2006/2011 сәйкес ең жағымсыз бағытта және формада қарастырылатын жазықтықта элемент немесе конструкцияның серпімді орнықтылығының жоғалтуы кезінде ескерілуі қажет. Болаттемірбетонды сығылған элементтердің бірінші тәртібінің статикалық есебінде олардың геометриялық кемшіліктерін ескермеуге болады. Екінші тәртіпті статикалық есепті қолданған жағдайда сығылған элементтің кемшіліктерін келесі шарт орындалған жағдайда ҚР ҚН EN 1993-1-1:2006/2011 нормасының 5.3.2(6) Тармағына сәйкес ескермеуге болады:

$$\bar{\lambda} \leq 0,5 \cdot \sqrt{N_{pl,Rk} / N_{Ed}}, \quad (5.4)$$

мұндағы $\bar{\lambda}$ – шеттеріндегі топсалы тіректері бар элемент үшін анықталатын шартты иілімділік;

$N_{pl,Rk}$ – пластикалық кезеңдегі қиманың көтеру қабілетінің сипаттамалық мәні;
 N_{Ed} – осьті күшейтудің есептік мөлшері.

Сығылған элементтердің геометриялық кемшіліктерін олардың ұзындығы бойынша орнықтылығын тексеру кезінде әрқашан есепке алу қажет. Күшейтілмеген болаттемірбетонды арқалықтардың, сондай-ақ болат элементтердің геометриялық кемшіліктері олардың орнықтылығын тексеру формулаларында ескерілген.

5.3.5.3 [5.4.2.2] Болаттемірбетонды конструкцияларының статикалық есептерінде ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес, бетонның сырғуы мен шөгуін есепке алу қажет. Мысалы, сырғығыштық әсері болат пен бетонның серпімділік модульдерінің қатынастарын түзету арқылы есептеледі

$$n_L = n_0 \cdot (1 + \Psi_L \varphi), \quad (5.5)$$

мұндағы n_0 – қысқа мерзімді жүктелім кезінде болат пен бетон серпімділік модулінің ара қатынасы E_a/E_{cm} ;

E_{cm} – қысқа мерзімді жүктелім кезінде бетон серпімділік ағымдағы модулі (осы құралдың 5.1-кестесі);

φ – қарастырылатын уақыт сәтінде бетонның уақыт мөлшеріне t және оның жүктелуі кезінде бетонның уақыт мөлшеріне t_0 байланысты сырғымалық коэффициенті;

Ψ_L – жүктелім түріне байланысты және тұрақты жүктелімдер үшін 1,1 тең болып қабылданатын, бетон шөгуінің бірінші және екінші әсерлері үшін 0,55 және бетонның алдын ала кернелуі жағдайында 1,5 қабылданатын сырғығыштық коэффициентінің көбейткіші.

Тұрақты кернелмейтін және жүктелмейтін болаттемірбетонды конструкциялар үшін сырғығыштықты есепке алуды ықшамдаумен, болат қимасы ауданына A_s/n эквивалентті бетон қимасының ауданымен A_c алмастырылуы мүмкін. Мұнда бетон мен болат серпімділігінің модулі қатынасында n бетон серпімділігінің тиімді модулі $E_{c,eff} = 0,5 E_{cm}$ қолданылады.

5.3.5.4 Болаттемірбетонды арқалықтарының плиталарындағы жарықшақтардың түзілу әсерін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 нормаларының 6.5.3-тармағында берілген әдіспен есептеу қажет. Алдымен ұзақ мерзімді әсерлермен қоса, жүктелімнің өзіне тән үйлесімділігіне арналған иілу моменттердің майыстырушы эпюрасы жарықшағы жоқ қималардың иілімді қаттылығын $E_a I_1$ қолдана отырып анықталады. Бетонның шеткі фибраларындағы керуші кернеу керуге f_{ctm} немесе f_{lctm} бетон беріктілігінен екі есе асатын аймақтарында, иілу қаттылығы бетондағы $E_a I_2$ жарықшақтары бар қиманың қаттылығының мөлшеріне дейін азайтылуы мүмкін. Мұндағы I_2 – созылған бетонды есепке алмай, бірақ арматура есепке алынып есептелген болатқа әкелген тиімді қиманың инерция моменті. Қаттылықтың мұндай қайта таратылуын пайдалану жарамдылығы бойынша және көтеру қабілеті бойынша шекті күйлері бойынша есептеу кезінде қолдануға болады. Ішкі күштер мен моменттердің, сондай-ақ деформациялардың жаңа бөлінуі ары қарай қайта есептеу арқылы анықталады.

5.3.5.5 Конструкцияны кезеңмен тұрғызу әсерін есептеу үшін болат және толық немесе ішінара біріктірілген болаттемірбетонды конструкцияға жеке әсерді есепке алатын, тиісті талдау жүргізіледі.

Тұрғызу кезектілігінің әсерін иілімнің жазық формасының орнықтылығын жоғалтудың есебін жүргізу қажет етілмейтін және 1 немесе 2 класты көлденең қималары бар болаттемірбетонды элементтердің (төзімділік есебін қоспағанда) көтеру қабілеті бойынша шекті күйлерін есептеу кезінде елемеуге болады.

5.3.5.6 Температуралық әсерлер есебін ҚР ҚН EN 1991-1-5:2003/2011 сәйкес жүргізу қажет. Олардың әсерін иілімнің жазық формасының орнықтылығын жоғалтудың есебін жүргізу қажет етілмейтін және 1 немесе 2 класты көлденең қималары бар болаттемірбетонды элементтердің (төзімділік есебін қоспағанда) көтеру қабілеті бойынша шекті күйлерін есептеу кезінде елемеуге болады.

6 КӨТЕРУ ҚАБІЛЕТІ БОЙЫНША ЕСЕПТЕР

6.1 Аралық құрылымның арқалығы

Аралық құрылыстардың конструктивті-технологиялық шешімдерінің сипаттамасы А.1 және А.2 тармақтарында ұсынылған. Болаттемірбетонды көпірлік арқалықтардың есебі келесі тексерулерге тіреледі:

- иілу кезінде шектік көлденең қималардың беріктілігі;
- иілімнің жазық формасының орнықтылығы;
- көлденең күш әсеріне қиманың беріктілігі;
- бетон плитаның бойлық ығысуына беріктілігі;
- қосу элементтерінің бойлық ығысуға беріктілігі;
- шаршаңқы беріктілігі;
- пайдалану жарамдылығы бойынша шекті күйлер.

Шектік көлденең қималар келесілерді қамтиды:


- максималды иілу моменті бар қималар;
- тірек қималары;
- шоғырландырылған ауытпалықтарға немесе реакцияларға түсірілген қималар;
- бетондағы жарықшақтың түзілуіне шартты өзгерістерді қоспағанда, көлденең қиманың кенеттен өзгеру орындары.

6.1.1 Иілу кезіндегі көтеру қабілеті


6.1.1.1 Кез келген класты көлденең қималар иілімі кезіндегі көтеру қабілетін материалдардың сызықты емес қасиеттерін есептеумен немесе серпімді кезеңде анықтауға болады.

Серпімді кезеңдегі иілімнің көтеру қабілеті (5.1) - (5.3) формуласынан анықталатын бетон плитасының тиімді енін қолдана отырып серпімділік теориясының әдістерімен анықталады. 4 кластың көлденең қималары үшін тиімді болат қиманы ҚР ҚН EN 1993-1-5:2006/2011 сәйкес анықтау қажет. Бұл ретте біріктірілген қимадағы

кернеудің шекті мәндері сығылу немесе созылу кезінде арматура үшін f_{sd} және сығылу немесе созылу кезінде болат қима үшін f_{yd} , сығылған бетон үшін f_{cd} кедергіге тең болып қабылданады (6.1 және 6.2-суреттер). Жеке болат элементке қосылған әсерлерден кернеудің көтеру қабілетін анықтау кезінде бүкіл болаттемірбетонды конструкцияға салынған әсерлер кернеуімен жинақталады.



6.1-сурет – Оң иілу моментінің әсері кезінде болаттемірбетонды арқалығының қимасындағы серпімді (а) және пластикалық кезеңдегі (б) кернеулердің бөлінуі [22]



6.2-сурет – Теріс иілу моментінің әсері кезінде болаттемірбетонды арқалығының қимасындағы серпімді (а) және пластикалық кезеңдегі (б) кернеулердің бөлінуі [22]

6.1.1.2 [6.2.1.2] Пластикалық деформацияларды ескере отырып, иілім кезіндегі көтеру қабілетін егер бетон плитасының алдын ала кернелуін қолданбаса және тиімді болаттемірбетонды көлденең қимасы 1 немесе 2 класқа жататын жағдайда ғана анықтауға жол беріледі. Пластикалық кезеңде $M_{pl,Rd}$ иілім кезіндегі қиманың көтеру қабілеті келесі қабылдау негізінде анықталады (6.1б және 6.2б-суреттері):

– конструктивті болат, арматура және бетон конструкцияларының арасында толық өзара әрекеттестік қамтамасыз етіледі;

– болат элементтің тиімді көлденең қимасындағы кернеу созылу және сығылу кезінде f_{yd} ағымдылық шегінің есепті шекарасында болады;

– бойлық арматурадағы кернеу созылу және сығылу кезінде ағымдылық шегінің есепті шектерінде f_{sd} болады, бұл ретте бетон плитасындағы сығылған арматура есепке алынбауы мүмкін;

– сығылған бетон тиімді көлденең қимада бетонның шеткі фибралары мен пластикалық кезеңдегі бейтарап ось арасындағы қиманың биіктігі бойынша әрекет ететін мөлшері $0,85f_{cd}$ сығу кернеуін қабылдайды.

6.1.1.3 [6.2.1.4(6)] Сығылған темірбетон плитасы бар 1 және 2 класты болаттемірбетонды қималардың M_{Rd} иілімі кезінде көтеру қабілеті төмендегі формуладан N_c бетондағы сығу күшінің функциясы ретінде анықталады:

$N_c \leq N_{c,el}$ үшін

$$M_{Rd} = M_{a,Ed} + (M_{el,Rd} - M_{a,Ed}) \cdot \frac{N_c}{N_{c,el}} \quad (6.1)$$

$N_{c,el} \leq N_c \leq N_{c,f}$ үшін

$$M_{Rd} = M_{el,Rd} + (M_{pl,Rd} - M_{el,Rd}) \cdot \frac{N_c - N_{c,el}}{N_{c,f} - N_{c,el}} \quad (6.2)$$

ондағы

$$M_{el,Rd} = M_{a,Ed} + kM_{c,Ed}, \quad (6.3)$$


мұндағы $M_{a,Ed}$ – бетонмен біріктіру алдында болат қимаға қосылған есептік иілу моменті;

$M_{c,Ed}$ – біріктірген соң қимамен қабылданатын есептік иілу моментінің бір бөлігі;

k – бетондағы, арматурадағы және болататғы шекті кернеуге жететін, сәйкесінше f_{cd} , f_{yd} және f_{sd} кернеулерге тең болатын, ең төмен коэффициент;

$N_{c,el} - M_{el,Rd}$ моментіне сай келетін, бетон плитасындағы сығу күші.

6.1.1.4 Пластикалық кезең мен сығылған бетон плитасының шеткі фибраларының қимасының бейтарап осі арасындағы x_{pl} қашықтығы арқалықтың барлық h биіктігінің 15 % асатын, S420 немесе S460 маркалы болаты бар болаттемірбетонды көлденең қималарда (6.2) Формуладан анықталатын, M_{Rd} иілісі кезіндегі есептік көтеру қабілеті $\beta M_{pl,Rd}$ тең болып қабылданады. β коэффициентін 6.3-суреттегі кесте бойынша анықтау қажет. x_{pl} бейтарап осінің қалпын темірбетон плита мен болат арқалықта туындайтын ішкі күштердің статикалық тепе теңдігінің шарттарынан анықтау қажет. Бұл ретте бетонның созылу жұмысы есепке алынбайды және темірбетон плитасындағы ішкі иілу моментінің мөлшері назарға алынбайды. Сонымен қатар пластикалық кезеңдегі болат және бетон қимадағы қалыпты кернеулер олардың биіктігі бойынша біркелкі бөлінгені болжанады [22].




6.3-сурет – ҚР ҚН EN 1994-2:2003/2011 нормасының 6.2.1.2(2) тармағына сәйкес $M_{pl,Rd}$ үшін β редуциялық коэффициентін анықтау

6.1.1.5 [6.2.2.4] Иілу кезіндегі қиманың көтеру қабілетін анықтағанда, егер оның мөлшері V_{Rd} ығысуы кезінде ($V_{pl,Rd}$ немесе $V_{b,Rd}$ ең кеміне тең) қиманың көтеру қабілетінің жартысынан асатын болса, V_{Ed} көлденең күш әсерін ескеру қажет. 1 және 2 класты қималар үшін көлденең ығысудың иілу кезіндегі көтеру қабілетіне әсерін 6.4-суретте көрсетілгендей. Ығысу жазығындағы f_{yd} болаттың есептік кедергісін азайту жолымен ескеруге болады. Азаю коэффициенті $(1 - \rho)$ мәндеріне тең болып қабылданады, бұл

$$\rho = (2V_{Ed}/V_{Rd} - 1)/2, \quad (6.4)$$

мұндағы V_{Rd} – $V_{pl,a,Rd}$ немесе $V_{b,Rd}$ ретінде анықталатын, көлденең ығысу кезіндегі көтеру қабілеті.

3 және 4 класты қималар үшін иілу кезіндегі көтеру қабілетіне көлденең ығысудың әсері ҚР ҚН EN 1993-1-5:2006/2011 нормасының нұсқауларына сәйкес анықталады.



6.5-сурет - ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 нормасының 6.2.2.4(2) тармағына сәйкес тік жазықтағы ығысу әсерін ескере отырып, пластикалық кезеңдегі иілімнен кернеудің таралуы

6.1.2 Иілістің жазық пішінінің орнықтылығы

Арқалық аралықтарды тұрғызу кезеңінде (ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 нормасының 6.3.2-тармағына сәйкес) және бетон плитасымен біріктірген соң пайдалану кезеңінде ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 нормасына (6.4) сәйкес жалпы орнықтылыққа тексеру қажет. Тәжірибеде тұрғызу кезеңінде тұрақтылықты жоғалтуға жол бермеу үшін

қос таврлы қималы металл арқалықтарды көбінесе тік байланыстыратын фермалармен бекітеді немесе бұралуға жоғары қатандыққа ие қорапты қималы Арқалықтар қолданылады (А.2-қараңыз). Пайдалану кезеңінде болат қысылған сөрелер ығысу қосылыстарының көмегімен темір бетон плитамен біріктірілген, бұл плитаның жеткілікті жоғары көлденең қатталығы кезінде жалпы орнықтылықтың жоғалуына жол бермейді. Мазмұндалғандарға байланысты, аралық құрылыстардың иілімнің жазық формасының тұрақтылығына есебінің алгоритмі осы бөлімде қарастырылмайды.


6.1.3 Тік жазықта ығыстыру кезіндегі көтеру қабілеті

Арқалық аралық болаттемірбетонды қимасының $V_{pl,Rd}$ тік жазықтығындағы ығысу кезіндегі көтеру қабілеті $V_{pl,a,Rd}$ болат қиманың көтеру қабілетіне тең болып қабылданады, оны ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 сәйкес тұтас қабырғасы бар илекті немесе дәнекерлеу қимасы бар арқалық үшін сияқты анықтау қажет. Болат арқалықтың қабырғасы ҚР ҚН EN 1993-1-5:2006/2011 (5-тарау) сәйкес жергілікті тұрақтылыққа да есептелуі қажет.

6.1.4 Темірбетон плитасының бойлық ығысуға есебі

6.1.4.1 [6.6.6.1] Бойлық ығысу кезінде темірбетон плитасының көтеру қабілетін 6.5-суретте көрсетілген қималардан тексеру қажет, оның кестесінде бойлық ығысуды қабылдауға қатысатын көлденең арматура қималары ұсынылған. Көлденең қима жазықтығындағы ығысу бетінің ұзындығын келесі мәндерге тең етіп қабылдау қажет:

- а-а қималарына арналған плита қалыңдығына;
- b-b қимасы үшін анкерлік өзектің бастиегінің диаметрін ескере отырып $2h_{sc} + s_t$;
- c-c қимасы үшін анкерлік өзектің бастиегінің диаметрін ескере отырып $2h_{sc}$;
- d-d қимасы үшін h_{sc} биіктігі мен вут геометриясына сәйкес.



6.5-сурет – Бойлық ығысу кезінде бетон плитасындағы бұзылулардың ықтимал беттері [22]

Ығысу алаңының бойлық қимасы	A_{sf} / s_f
a-a	$A_b + A_t$
b-b	$2A_b$
c-c	$2A_b$
d-d	$2A_{bh}$

6.5-сурет– Бойлық ығысу кезінде бетон плитасындағы бұзылулардың ықтимал беттері [22] (жалғасы)


6.1.4.2 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 ұсыныстарына сәйкес бойлық ығысу кезінде бетон плитасының беріктілігі созылған көлденең арматуралық қосылыстарымен біріктірілген, шартты қысылған қиғаш тіректер плитасынан бөлінген жүйе түріндегі модельдерін қолдана отырып, есептеледі (6.6-сурет). Плитаның есептік қималарында қолданылатын, v_{Ed} тілігінің бойлық жанама кернеуі ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 нормасының 6.24-тармағына сәйкес ығысу бетінің ұзындығы мен ығысу жазықтықтарының санын ескере отырып қарастырылатын бөліктегі бойлық күшінің өсімінен анықталады:

$$v_{Ed} = \frac{\Delta F_d}{h_f \Delta x}, \quad (6.5)$$

мұндағы h_f – 6.6-суреттегі а-а қимасы үшін плита қалыңдығы;

Δx – плитасының қарастырылатын есептік ұзындығы;

ΔF_d – Δx ұзындығы бойынша плитадағы бойлық күшінің өзгерісі.



6.6-сурет – Бойлық ығысу кезіндегі бетон плитасының есептік моделі [22]

Δx мәнін иілу моменті нөлге тең болатын қималар немесе нөлдік және максималды иілу моменттері бар қималар арасындағы қашықтық жартысынан артық болмайтындай етіп қабылдау қажет. Δx ұзындығы да болаттемірбетонды арқалықтарына шоғырландырылған жүктемідер арасындағы қашықтықтан аспауы тиіс.

6.1.4.3 Көлденең арматураның беріктілігімен шектелетін, плитаның есептік беріктілігі ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.6.6.4) сәйкес келесі формула бойынша анықталады:

$$\frac{A_{sf} f_{yd}}{s_f} \geq \frac{v_{Ed} h_f}{\cot \theta_f}, \quad (6.6)$$

мұндағы A_{sf} – Δx ұзындығы бойынша орналастырылған көлденең арматура қимасының ауданы;

f_{yd} – арматураның есептік беріктілігі;

θ_f – шартты бетонды қиғаш тіректерінің иілу бұрышы (6.6-сурет), оның мәндері плитаның қысылуы кезінде $45^\circ \geq \theta_f \geq 26,5^\circ$ тең және оның керілуі кезінде $45^\circ \geq \theta_f \geq 38,6^\circ$ тең болып қабылдануы мүмкін.

6.1.4.4 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 нормасының 6.2.4(4) тармағына сәйкес, v_{Ed} жанама кернеулердің мәні ығысудың қарастырылатын беті бойынша бойлық ығысуға бетон плитасының есепті беріктілігінен (арматураны ескермегенде) аспауы қажет:

$$v_{Ed} \leq v f_{cd} \sin \theta_f \cos \theta_f, \quad (6.7)$$

мұндағы f_{cd} – бетонның есептік төзімділігі;


v – формаламен анықталатын коэффициент:

$$v = 0,6(1 - f_{ck} / 250), \quad (6.8)$$

мұндағы f_{ck} – МПа мәніндегі бетонның қысылуға өзіндік кедергісі.

6.1.5 Ығыстыру қосылыстарының есебі

6.1.5.1 Болат арқалық сөресі мен темірбетон плита арасындағы қосылыс элементтерінің түрлері осы құралдың А.8-ұсынылған. Тәжірибеде бас өлшемдері А-қосымшасының А.45-суретінде ұсынылған, қондырылған бастары бар барынша тексерілген болат цилиндрлі өзектерді қолдану қажет. Арқалық аралығының бағытында өзектерді кемінде $5d$ және бетон плитасының қалыңдығынан 4 аспайтын және 80 см қадаммен, ал көлденең бағытта $2,5d$ кем болмайтын қадаммен орналастыру қажет. Плиталарды арматуралау және сөре жиектері қатысында өзектерді орналастыру ережелері 6.7-суретте ұсынылған.



6.7-сурет – ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 нормаларының 6.6.5.4-т. сәйкес темірбетон плитасындағы анкерлік өзектерді орналастыру

6.1.5.2 [6.6.3.1] Біріктіру өзектерінің санын P_{Rd} жекелеген өзектің ығысуына есепті көтеру қабілетіне бөлінген, шекті күйдегі ығысудың есептік күшіне тең деп қабылдау қажет. Өзектің ығысуға есептік көтеру қабілетін келесі формулалар бойынша есептелген мәндердің ең төменімен қабылдау қажет:

$$P_{Rd} = \frac{0,8 f_u \pi d^2 / 4}{\gamma_v}, \quad (6.9)$$

$$P_{Rd} = \frac{0,29 \alpha d^2 \cdot \sqrt{f_{ck} E_{cm}}}{\gamma_v}, \quad (6.10)$$

мұнда $3 \leq h_{sc}/d \leq 4$ үшін $\alpha = 0,2 \cdot \left(\frac{h_{sc}}{d} + 1 \right)$

ал $h_{sc}/d > 4$ үшін $\alpha = 1$,

γ_v – мәні 1,25 тең болып немесе ұлттық қосымша бойынша қабылданатын жеке қауіпсіздік коэффициенті;

d – өзек диаметрі $16 \text{ мм} \leq d \leq 25 \text{ мм}$;

$f_u < 500 \text{ МПа}$ – анкерлік өзектің созылуға уақытша кедергісі;

f_{ck} – тығыздығы 1750 кг/м^3 кем емес бетонның цилиндрлік сығу беріктіктің сипаттамалық мәні;

h_{sc} – қондырылған бастиегі бар анкерлік өзектің жалпы номиналды биіктігі.

6.1.5.3 Жүктемелерді орналастыру және кез келген үйлестіру үшін болат арқалық пен темірбетон плита арасындағы $V_{L,Ed}$ есепті ығыстыру күшін түпкілікті элементтер әдісімен статикалық есеп негізінде анықтауға болады. $M_{Ed,max}$ иілу моментінің әсерімен туындаған $V_{L,Ed}$ ығыстыру күшін ұзындығы L_{A-B} учаскедегі В және А көлденең қималардағы бетон плитасында қолданылатын N_{cd} және $N_{c,el}$ қалыпты қысу күштері арасындағы айырма түрінде анықтауға болады (ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 нормасының 6.6.2.2-тармағын қараңыз). бетон плитасында F_{Ed} күш тудыратын алдын ала кернеуленетін арматураны қолданған жағдайда, болат арқалық пен темірбетон плитасының арасындағы ығыстыру күшін 6.6.2.3 ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 нормасының 6.6.2.3-тармағына сәйкес анықтау қажет. Концентрацияланған бойлық ығыстыру күштерінің, мысалы, темірбетон плитасының шетіндегі қондырмамен туындаған әсер етуі кезінде немесе болаттан болаттемірбетон қимаға өтетін тұсында, $V_{L,Ed,max}$ ығыстыру күшін ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 (6.6.2.4) нұсқауларына сәйкес анықтау қажет.

6.1.6 Төзімділікке есептер

6.1.6.1 Ішкі күштерді анықтау

6.1.6.1.1 Төзімділікті тексеру кезіндегі көпірлік конструкциялардағы ішкі күштерді ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 ұсынылған әсер ету комбинациясы үшін статистикалық серпімділік есеп арқылы анықтау қажет.

6.1.6.1.2 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 нормасының 4.6-тармағына сәйкес, автожол көпірлерінің шаршаңқы есептерінде шаршаңқы жүктелімдерінің келесі модельдерін пайдалану қажет:

- $0,7Q_{ik}$ осьті жүктелімді және $0,3q_{ik}$ біркелкі таратылған жүктелімді шаршаңқы жүктелімнің 1 моделі, мұнда Q_{ik} және q_{ik} мәндері ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 4.2-кестесі бойынша қабылданады;

- тиісті қозғалыс жолағының бойымен жылжитын жүк машиналарының қатарынан тұратын 2 модель (ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 4.6-кестесі);

- әрбір оське жүктелім 120 кН тең болатын жүктелімді жалғыз төрт осьті көлік құралдарының 3 моделі;

- бірлескен әсері көлік ағыны кезіндегі әсерге тең болатын, стандартты жүк машиналарының жинағынан тұратын 4-модель (ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 4.7 және 4.8-кестесі);

- көлік ағыны туралы тіркелген деректерді тікелей қолданушы 5-модель.

6.1.6.1.3 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 6.2-тармағына сәйкес теміржол көпірлерінің шаршаңқылық септерінде шаршаңқы жүктелімінің келесі модельдерін қолдану қажет:

- қалыпты теміржол қатынасын айқындайтын 71 модель;

- қалыпты теміржол қатынасы кезінде бөлінбейтін аралық құрылыстарға арналған SW/O моделі;

- ерекше жүк артылған желілерді сипаттауға арналған SW/2 моделі;

- жоғары жылдамдықты жолаушылар қозғалысын сипаттайтын HSLM моделі.

Көрсетілген модельдердегі динамикалық әсерлерді ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 нормасының 6.4.5.2-т. нұсқауларына сәйкес анықталатын, Φ динамикалық коэффициенттің көмегімен ескеру қажет.

6.1.6.1.4 ҚР ҚН EN 1991-1-4:2005/2011(HE) 8.1 (4 және 5) тармағына сәйкес жол қозғалысы мен жел әсерін бір мезетте есепке алғанда $v_{b,0} = 23$ м/с базалық жылдамдық мәнін ескеру қажет, ал жел мен теміржол қозғалысын бір мезетте есепке алғанда $v_{b,0} = 25$ м/с базалық жылдамдық мәнін ескеру қажет.

6.1.6.1.5 ҚР ҚН EN 1991-1-4:2005/2011 8.2(1)-тармағы, 1 ескертпеге сәйкес, аралығы 200 м кем болатын автожол және теміржол көпірлері үшін әдетте динамикалық есеп талап етілмейді.

6.1.6.1.6 Статикалық есеп негізінде болаттемірбетонды конструкциясындағы компоненттердің әрқайсындағы кернеу анықталады. Тәжірибелік есептерде шаршау біріктілігін тексеру кернеулердің бір деңгейімен N^* жүктеу циклдері түріндегі іс жүзіндегі пайдалану әсерін ұсынумен айқындалатын, кернеулердің эквивалентті деңгейі әдісін қолдана отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте болаттемірбетонды конструкциялардағы

компоненттердің әрқайсындағы кернеулер диапазоны қималар параметрлері мен есептелген ішкі күштер негізінде алынған кернеу мөлшерлеріне негізделіп анықталады.

6.1.6.2 Болат элементтердің төзімділігін бағалау

6.1.6.2.1 Болат элементтердегі кернеуді бетон плитасындағы қалыпты кернеулер белгісін ескере отырып анықтау қажет. Егер $M_{Ed,min,f}$ және $M_{Ed,max,f}$ немесе тек $M_{Ed,min,f}$ иілу моменттері бетон плитасында қысылуды тудыратын болса, онда аталған иілу моменттерінің әсерінен болат элементтегі кернеуді бетондағы жарықшақсыз көлденең қималар сипаттамаларын қолдана отырып анықтау қажет. Егер $M_{Ed,max,f}$ и $M_{Ed,min,f}$ ию с әттері бетон плитасында созылу кернеуін тудыратын болса, онда аталған иілу моменттерінің әсерінен болат элементтегі кернеуді тиімді қиманың болатқа келтірілген I_2 инерция моментін ескере отырып анықтау қажет. Бұл ретте қима жұмысында керілген бетон есепке алынбайды, бірақ арматура есепке алынады.

6.1.6.2.2 [6.8.6.1] Болат элементтердің төзімділігі ҚР ҚН EN 1993-1-9:2005/2011 талаптарына сәйкес бағаланады. Көпірлік конструкциялар үшін конструктивті болат төзімділігі ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011 (9-тарау) талаптарына сай келуі қажет.

Болат элементтер мен арматурадағы $\Delta\sigma_E$ диапазон кернеулері мына формуладан анықталады:

$$\Delta\sigma_E = \lambda \phi |\sigma_{max,f} - \sigma_{min,f}| \quad (6.11)$$


мұндағы $\sigma_{max,f}$ және $\sigma_{min,f}$ – тиісінше $M_{Ed,max,f}$ және $M_{Ed,min,f}$ моменттерімен туындаған максималды және минималды кернеулер;

λ – эквивалентті зақымдалу коэффициенті, оның автожол және теміржол көпірлеріне арналған мәндері ҚР ҚН EN 1993-2:2006/2011 берілген;

ϕ – автожол көпірлері үшін 1,0-тең, ал теміржол көпірлері үшін ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 нормасының 6.4.5-т. сәйкес қабылданатын динамикалық жүктелімнің әсерінен эквивалентті зақымдалу коэффициенті.

6.1.6.2.3 Болат элементтер үшін дәнекерлеу қосылыстары мен болат элементтердің шаршаңқы төзімділігінің мәндері 6.8-суретте берілген.

Өлшемдері, мм



6.8-сурет – Болат көпір арқалығының фрагментінің болат элементтері мен дәнекерлеу қосылыстарының (аралығында берілген) шаршаңқы беріктілігінің мәндері [22]

6.1.6.2.4 Болат элементтерді шаршаңқылыққа тексеру кезінде γ_{Mf} жеке қауіпсіздік коэффициенттерін ҚР ҚН EN 1993-2:2006/2011 (9.3) сәйкес қабылдау қажет.

6.1.6.3 Арматура төзімділігін бағалау

6.1.6.3.1 Арматурадағы кернеу максималды $M_{Ed,max,f}$ және минималды $M_{Ed,min,f}$ иілу моменттерінің әсерімен туындаған бетон плитасындағы кернеу белгісіне байланысты анықталады. Егер $M_{Ed,max,f}$ иілу моменттері бетон плитасында созылу кернеуін тудырса, онда $M_{Ed,max,f}$ әсерінен арматурадағы $\sigma_{s,max,f}$ кернеуіне созылған бетонның қатандық әсерін мына формула бойынша анықтау қажет:

$$\sigma_s = \sigma_{s,0} + 0,4 f_{ctm} / (\rho_s A_I / A_a I_a), \quad (6.12)$$

мұндағы $\sigma_{s,0}$ – созылған бетонды есепке алмағанда арматурадағы кернеу;
 f_{ctm} – осы құралдың 5.1a және 5.2б - кестелерінде ұсынылған керілуге бетонның орташа төзімділігі;

$\rho_s = A_s / A_{ct}$ – арматуралау коэффициенті;

A_{ct} – созылған аймақ шегіндегі бетон плитасы қимасының ауданы;

A_s – площадь сечения продольной арматуры в пределах рабочей площади A_{ct} ;

A, I – созылған бетонды есепке алмағанда сәйкесінше тиімді болаттемірбетонды қимасының инерция моменті мен ауданы;

A_a, I_a – конструктивті болаттан жасалған қиманың тиісті сипаттамалары.


Бұл ретте (6.12) формуласына 0,4 коэффициентінің орнына 0,2 коэффициенті қолданылады.

6.1.6.3.2 [6.8.5.4] Егер бетон плитасындағы созылу кернеуі $M_{Ed,min,f}$ моментінің әсерімен туындаған болса, онда $M_{Ed,min,f}$ –дан арматурадағы $\sigma_{s,min,f}$ кернеуін мына формала арқылы анықтауға болады:

$$\sigma_{s,min,f} = \sigma_{s,max,f} \frac{M_{Ed,min,f}}{M_{Ed,max,f}}. \quad (6.13)$$

Егер $M_{Ed,min,f}$ және $M_{Ed,max,f}$ немесе тек $M_{Ed,min,f}$ иілу моменттері бетон плитасында қысылуды тудырса, онда осы иілу моменттерінің әсерінен арматурадағы кернеу бетондағы жарықшақсыз көлденең қималар сипаттамасын қолдана отырып анықталады.

6.1.6.3.3 Арматура үшін $\Delta\sigma_E$ кернеуінің эквивалентті амплитудасының мәндері ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 ұсынылған. Оның мәні жүктелмелерді тиісті үйлестіру кезінде болаттағы $\Delta\sigma_{s,max}$ кернеулердің максимальды деңгейлері диапазонында қабылдануы мүмкін. Арматура үшін $\Delta\sigma$ кернеуінің диапазоны 6.9-суретте көрсетілген.



1 – созылған плита, 2 – жарықшақтардың толық ашатын плита қимасы

6.9-сурет - ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 нормасының 6.8.5.4(2)-т. сәйкес

жарықшақтардың түзілу орындарындағы $\sigma_{s,max,f}$ және $\sigma_{s,min,f}$ кернеулерін анықтау

6.1.6.3.4 Кернеулетін және кернеуленбейтін арматураның төзімділігін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 нормасының 6.8.5-тармағына сәйкес анықтау қажет. Шаршаңқылық беріктілігінің формуласы келесі түрге ие:

$$\gamma_{F,fat} \Delta \sigma_{S,eq}(N^*) \leq \frac{\Delta \sigma_{Rsk}(N^*)}{\gamma_{S,fat}}, \quad (6.14)$$


мұндағы $\Delta\sigma_{S,eq}(N^*)$ – N^* жүктеу циклдерінің санын ескере отырып, зақымдалу кезінде кернеудің эквивалентті деңгейі;

$\Delta\sigma_{S,max}(N^*)$ – жүктемелердің тиісті комбинациясы кезінде арматурадағы кернеудің максимальды деңгейі;

$\Delta\sigma_{Rsk}(N^*)$ – 6.10-суреттегі кесте бойынша анықталатын, N^* жүктеу циклдері кезіндегі кернеу деңгейі;

$\gamma_{F,fat}$ – ұлттық қосымша бойынша немесе тұрақты есептеу жағдайлары үшін 1,15 тең болатын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 нормасының 2.4.2.4(1)-тармағына сәйкес қабылданатын кернеулетін және кернеуленбейтін арматураға арналған жекеше қауіпсіздік коэффициенті;

$\gamma_{S,fat}$ – ұлттық қосымша бойынша қабылданатын, циклдік жүктеме үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті.



6.10-сурет – Арматураның шаршаңқы беріктілігінің N^* жүктеме циклдерінің санына графикалық тәуелділігі [22]

6.1.6.4 Бетон төзімділігін бағалау

6.1.6.4.1 Бетондағы кернеуді керілу кезіндегі беріктікті елемей және оның жарықшақтануын ескере отырып анықтау қажет. Жарықшақтардың түзілу тұстарында арматурадағы кернеуге керілген бетонның қатандығының ұлғаю әсерін ескеру қажет. Сығылған бетонның төзімділігін ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011 нормасының 6.8.7(2)-т. сәйкес тексеру қажет. Сығылу кезіндегі шаршаңқылықтың бетон кедергісі мына формуламен анықталады:

$$\frac{\sigma_{c,max}}{f_{cd,fat}} \leq 0,5 + 0,45 \cdot \frac{\sigma_{c,min}}{f_{cd,fat}}, \quad (6.15)$$

$$f_{ck} \leq 50 \text{ МПа үшін } \sigma_{c,max} / f_{cd,fat} \leq 0,9,$$

$$f_{ck} > 50 \text{ МПа үшін } \sigma_{c,max} / f_{cd,fat} \leq 0,8,$$

мұндағы $\sigma_{c,max}$ — «плюс» белгісімен қабылданатын, әсерлердің жиі комбинациясы кезіндегі бетондағы максимальды сығу кернеуі;

$\sigma_{c,min}$ — сол қима аймағындағы бетонның минимальды сығу кернеуі, онда $\sigma_{c,max}$ қолданылады. Егер $\sigma_{c,min}$ созылу кернеуі болса, онда $\sigma_{c,min}$ нөлге тең деп қабылдауға болады.

6.1.6.4.2 Бетон үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициентін тұрақты есептік жағдайлар үшін шаршаңқылыққа тексеру кезінде ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 нормаларының 2.4.2.4(1)-т. сәйкес $\gamma_{C,fat} = \gamma_C = 1,5$ тең деп қабылдау қажет.

6.1.6.5 Ығыстыру қосылыстарының төзімділігін бағалау


6.1.6.5.1 [6.8.6.2] Ығысу қосылысының ұзындығы бірлігіне бойлық ығыстыру күштерін бетондағы жарықшақтардың түзілуін ескере отырып анықтау қажет. Әсерлердің өзіндік үйлесімділігі тән қондырылған бастиектері бар анкерлік өзектер үшін бір біріктіру бөлшегіне максимальды ығыстыру күші ығысуға P_{Rd} анкерлік өзектердің есепті көтеру қабілетінің мөлшерінің 0,75 аспауы тиіс. Бұл ретте 2 млн. цикл үшін олардың өзгерісінің номинальды диапазонындағы жанама кернеулердің тұрақты эквивалентті диапазоны мына формуладан анықталады:

$$\Delta\tau_{E,2} = \lambda_v \Delta\tau \quad (6.16)$$

мұндағы $\Delta\tau$ — d номиналды диаметрлі анкерлік өзектің көлденең қимасының ауданына жатқызылған, шаршаңқылық жүктемесі кезіндегі жанама кернеулердің диапазоны;

$\lambda_v = \lambda_{v,1} \lambda_{v,2} \lambda_{v,3} \lambda_{v,4}$ — тікелей шаршаңқы беріктілік мөлшеріне байланысты зақымдалудың эквивалентті коэффициенті.

Аралығы 100 м $\lambda_{v,1} = 1,55$, дейін автожол көпірлері үшін ал $\lambda_{v,2}$, $\lambda_{v,3}$ және $\lambda_{v,4}$ ҚР ҚН EN 1993-2:2006/2011 бойынша анықталады. Теміржол көпірлері үшін $\lambda_{v,2}$, $\lambda_{v,3}$ және $\lambda_{v,4}$ ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011 бойынша қабылданады, ал $\lambda_{v,1}$ 6.11-суреттегі кесте бойынша қабылданады.



6.11-сурет – 71 жүктеу тәртібі үшін теміржол көпірлерінің L аралық ұзындығы мен $\lambda_{v,1}$ арасындағы тәуелділігі ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 нормасының 6.8.6.2(5)-т. сәйкес

6.1.6.5.2 [6.8.3(3)] Анкерлік өзектердің шаршаңқылық ығысу беріктілігін 6.12-суреттің графикалық тәуелділігі бойынша анықтау және қарапайым бетон үшін келесідей есептеу:

$$(\Delta\tau_R)^m N_R = (\Delta\tau_C)^m N_C, \quad (6.17)$$


мұндағы $\Delta\tau_R$ – d диаметрлі өзектің көлденең қимасының ауданына жатқызылған, ығысу кезіндегі шаршаңқылық беріктігі;

$\Delta\tau_C = 90$ МПа – жүктеменің 2 млн. циклі кезіндегі шаршаңқы беріктілігінің ұсынылатын мәні;

$m = 8$ – тікелей шаршаңқы т беріктілігінің еңіс мөлшері;

N_R – жүктеу циклдерінің саны.

1,0-ге тең деп немесе ұлттық қосымша бойынша қабылданатын анкерлік өзектер үшін $\gamma_{Mf,s}$ жеке қауіпсіздік коэффициенті.



6.12-сурет – Жарықшағы жоқ бетон плитасындағы қондырылған бастиегі бар анкерлік өзектердің шаршаңқы төзімділігінің графикалық тәуелділігі [22]

6.1.6.5.3 [6.8.7.2(2)] Егер анкерлік өзектер керілген сөреге дәнкерленген болса, онда болат сөредегі $\Delta\sigma_E$ қалыпты кернеулер диапазоны мен анкерлік өзектің дәнкерлеу жапсарындағы $\Delta\tau_E$ жанама кернеулер диапазоны арасындағы келесі тәуелділіктердің орындалуын тексеру қажет:

$$\frac{\gamma_{Ff} \Delta \sigma_{E,2}}{\Delta \sigma_C / \gamma_{Mf}} + \frac{\gamma_{Ff} \Delta \tau_{E,2}}{\Delta \tau_C / \gamma_{Mf,s}} \leq 1,3, \quad (6.18)$$

$$\frac{\gamma_{Ff} \Delta \sigma_{E,2}}{\Delta \sigma_C / \gamma_{Mf}} \leq 1,0 \quad \frac{\gamma_{Ff} \Delta \tau_{E,2}}{\Delta \tau_C / \gamma_{Mf,s}} \leq 1,0 \quad (6.19)$$

мұндағы $\Delta\sigma_{E,2}$ – (6.17) Формуласы бойынша анықталатын сөредегі кернеулер диапазоны;

$\Delta\sigma_C$ – ҚР ҚН EN 1993-1-9:2005/2011 нормасымен ұсынылатын 80 санаты үшін шаршаңқы беріктілігінің мәні (6.12-сурет);

$\Delta\tau_{E,2}$ және $\Delta\tau_C$ – сәйкесінше (6.16) Формула және 6.12-суреттегі кесте бойынша анықталатын, жанама кернеулердің өзгерісінің эквивалентті диапазондары.

МЫСАЛ

Берілгені: 4 санатты жолда орналасқан екі жолақты қозғалысы бар автожолдық болаттемірбетонды көпірінің аралық құрылысын жобалау. Аралық құрылыстың еркін ұзындығы $L = 19,6$ м, жалпы ені $13,1$ м, соның ішінде өту жолының ені $7,0$ м құрайды. Көпірдің қозғалыс жолынан барьерлік қоршаумен бөлінген, ені 2 м екі тротуары бар. Аралық құрылыс өзара көлденең қатты байланыстармен біріктірілген және $2,7$ м қадаммен көпір ені бойынша орналасқан, төрт қоставрлы арқалықтан тұрады. Көлденең байланыстар қима биіктігі 30 см металл швеллерден орындалған және тіректерден $6,55$ м қашықтықта және арқалықтардың тірек қималарында тік қабырғаларға болттармен бекітілген (6.13 және 6.14-суреттер). Арқалықтар астындағы тіректер арматураланған элстомерден жасалған төсемелер түрінде топсалы-жылжымалы етіп орындалған.

Аралық құрылыс құрамына анкерлік цилиндрлі өзектер (6.15-сурет) көмегімен қоставрмен біріктірілген, құйылған темір бетон плитасы кіреді. Плитада қалыңдығы 5 мм (18 кН/м³) гидроокшаулау қабаты мен қалыңдығы 10 см (23 кН/м³) екі қабатты асфальтбетонды жабын жабылған.


Қажет: аралық болаттемірбетонды арқалықтарын жобалау

Қима параметрлерінің тағайындалуы

Металл арқалықтардың қимасының биіктігін алдын ала $L/20 = 98$ см тең деп қабылдаймыз. Арқалықтарды НЕВ1000 қоставрлар түрінде келесі геометриялық сипаттамаларымен жобалаймыз (6.16-сурет):

$h = 1000$ мм, $t_w = 19$ мм, $b_f = 300$ мм, $t_f = 36$ мм, $r = 30$ мм, $h_w = 868$ мм, $A = 400$ см², $I_y = 644700$ см⁴, $I_z = 16280$ см⁴, $W_{el,y} = 12895$ см³, $W_{pl,y} = 14855,1$ см³


Өлшемдері, м




1 – металл швеллерден жасалған көлденең байланыстар, 2 – аралық қоставрлы металл арқалықтар.

6.13-сурет – Бас арқалықтар мен көпірдің көлденең байланыстарының орналасу жоспарлары


Өлшемдері, мм



6.14-сурет – Аралықтың орта бөлігінде көлденең байланыстардың металл арқалықтарға бекітілуі



6.15-сурет – Көпірдің жобаланатын аралық құрылысының көлденең қимасы



6.16-сурет – НЕВ1000 металл қоставрының көлденең қимасының геометриясы

Арқалықтар S355 болаттан жобаланады, ол үшін 5.2-кестеге сәйкес $f_y = 355$ МПа, $E = 210000$ МПа.
Темірбетон плита

Темірбетон плита құйылмалы тұрақты қалыңдығы 22 см, С30/37 бетонын қолдана отырып, 5.1а-кестесіне сәйкес келесі сипаттамалармен жобаланады: $f_{ck} = 30$ МПа, $E_{cm} = 33000$ МПа. Плитаны арматуралау RB500W арматурасынан жүзеге асырылады.

Болат арқалықтардың қимасының класын анықтау

Бастапқы параметрлер

Арқалықтардың қима класын ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 (5-тарау) сәйкес анықтаймыз.

Сөре қалыңдығы:

$$t_{\max} = t_f = 36 \text{ мм} < 40 \text{ мм} \Rightarrow f_y = 355 \text{ МПа};$$

Иілімділік коэффициентінің мәні

$$\varepsilon = \sqrt{\frac{235}{f_y}} = \sqrt{\frac{235}{355}} = 0,81;$$

Иілу кезіндегі қима класы

Қабырғаның қимасының класы:

Қабырғаның иілімділігі

$$\frac{c}{t} = \frac{h - 2(t_f + r)}{t_w} = \frac{1000 - 2(36 + 30)}{19} = 45,68;$$

Иілімділіктің шекті мәні

$$72\varepsilon = 72 \times 0,81 = 58,32,$$

$$\frac{c}{t} = 45,68 < 58,32;$$

Қабырға 1 класқа жатады.

Қысылған белдіктің қимасының класы:

Белдік сөресінің иілімділігі

$$\frac{c}{t} = \frac{0,5(b_f - t_w - 2r)}{t_f} = \frac{0,5(300 - 19 - 2 \times 30)}{36} = 3,12;$$

Иілімділіктің шекті мәні

$$9\varepsilon = 9 \times 0,81 = 7,29,$$

$$\frac{c}{t} = 3,12 < 7,29;$$

Белдік 1 класқа жатады.

Ығысу кезіндегі қабырға қимасының класы

Қабырғаның иілімділігі

$$\frac{c}{t} = \frac{h - 2(t_f + r)}{t_w} = \frac{1000 - 2(36 + 30)}{19} = 45,68;$$

Иілімділіктің шекті мәні

$$42\varepsilon = 42 \times 0,81 = 34,02,$$

$$\frac{c}{t} = 45,6 < 34,02;$$

Қабырға 4 класқа жатады

Аралық құрылысты көтеру кезеңіндегі болат арқалықтарды тексеру

Жүктемелерді жинау

Аралық құрылысын тұрғызу кезеңіндегі арқалыққа әсер ететін жүктемелер 6.1-кестеде ұсынылған, мұндағы γ_f қауіпсіздік коэффициенттері ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 сәйкес қабылданған.

6.1-кесте – Аралық құрылысын тұрғызу кезеңіндегі арқалыққа жүктелімдер

Жүктелім түрі	g_k [кН/м]	γ_f	g_d [кН/м]
Бетон қоспасы	20,02	1,35	21,37
Қалып	1,75	1,35	2,36
Болат қоставр	3,39	1,20	4,07
	$\Sigma g'_{lk} = 25,2$		$\Sigma g'_{ld} = 27,8$
Монтаждық жүктелім	1,75	1,35	4,07
	$\Sigma g'_k = 26,9$		$\Sigma g'_d = 31,9$

Көтеру қабілеті бойынша арқалықтың шекті күйін тексеру (ULS)

Иілім

Төзімділік шарттарын ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 (6.2.5) сәйкес тексереміз:

$$\frac{M_{Ed}}{M_{c,Rd}} \leq 1,0;$$

Иілім кезіндегі қиманың көтеру қабілеті:

$$M_{c,Rd} = \frac{w_{pl} \cdot f_y}{\gamma_{M_0}} = \frac{14855,1 \times 10^{-6} \times 355 \times 10^3}{1,00} = 5273 \text{ кН} \cdot \text{м};$$

$g'_d = 31,9$ кН/м жүктелім әсерінен аралық ортасындағы иілу моментінің мәні:

$$M_{Ed} = \frac{g'_d \cdot L^2}{8} = \frac{31,9 \times 19,6^2}{8} = 1532 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Мына шарт орындалатындақтан

$$\frac{M_{Ed}}{M_{c,Rd}} = \frac{1532}{5273} = 0,29 < 1,0,$$

иілім кезіндегі төзімділік қамтамасыз етіледі.

Ығысу

Төзімділік шартын ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 (6.2.6) сәйкес тексереміз:

$$\frac{V_{Ed}}{V_{c,Rd}} \leq 1,0;$$

Ығысу кезіндегі қиманың көтеру қабілеті:

$$V_{c,Rd} = V_{pl,Rd} = \frac{A_v \cdot \left(\frac{f_y}{\sqrt{s}} \right)}{\gamma_{M_0}} = \frac{212,44 \times 10^{-4} \times \frac{355 \times 10^3}{\sqrt{3}}}{1,0} = 4354 \text{ кН},$$

$$A_v = A - 2b_f \cdot t_f + (t_w + 2r) t_f \geq \eta \cdot h_w \cdot t_w,$$

$$A_v = A - 2b_f \cdot t_f + (t_w + 2r) t_f = 400 - 2 \times 30 \times 3,6 + (1,9 + 2 \times 3) \times 3,6 = 212,44 \text{ см}^2,$$

$$\eta \cdot h_w \cdot t_w = 1,0 \times 86,8 \times 1,9 = 164,92 \text{ см}^2,$$

$$A_v = 212,44 \text{ см}^2 > \eta \cdot h_w \cdot t_w = 164,92 \text{ см}^2.$$

Тірек қимасындағы максималды көлденең күш:

$$V_{Ed} = \frac{g'_d \cdot L}{2} = \frac{31,9 \times 19,6}{2} = 312 \text{ кН};$$

Мына шарт орындалатындықтан

$$\frac{V_{Ed}}{V_{c,Rd}} = 312 / 4354 = 0,072 < 1,0,$$

Ығысу кезіндегі тұрақтылық қамтамасыз етіледі.

Қоставр қабырғасының ығысу кезіндегі жергілікті тұрақтылығы

ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 нормасының 5.2-кестесіне сәйкес:

$$\frac{c}{t} = \frac{h_w}{t_w} = \frac{868}{19} = 45,68 < 72 \frac{\varepsilon}{\eta} = 72 \frac{0,81}{1,0} = 58,3;$$

Қабырғаның жергілікті тұрақтылығын тексеру қажет етілмейді.

Сөре аспаларының жергілікті тұрақтылығы

ҚР ҚН EN 1993-1-5:2006/2011 сәйкес:

$$A_w = (h - 2t_f) \cdot t_w = (1000 - 2 \times 36) \times 19 = 17632 \text{ мм}^2,$$

$$A_{fc} = b_f \cdot t_f = 300 \times 36 = 10800 \text{ мм}^2,$$

$$\frac{c}{t} = \frac{0,5(b_f - t_w - 2r)}{t_f} \leq k \frac{E}{f_y} \sqrt{\frac{A_w}{A_{fc}}},$$

$$\frac{c}{t} = \frac{0,5(b_f - t_w - 2r)}{t_f} = \frac{0,5(300 - 19 - 2 \times 30)}{36} = 3,07,$$

$$k \frac{E}{f_y} \sqrt{\frac{A_w}{A_{fc}}} = 0,3 \frac{21000}{355} \sqrt{\frac{17632}{10800}} = 22,68,$$

$$\frac{c}{t} = 3,07 < k \frac{E}{f_y} \sqrt{\frac{A_w}{A_{fc}}} = 22,68;$$

Сөре аспаларының тұрақтылығын тексеру қажет етілмейді.

Тұрақтылық бойынша көтеру қабілеті

Темірбетон плитасын бетондау кезінде арқалықтардың тұрақтылығы 6.13 және 6.14-суреттерге сәйкес қатандықтың көлденең байланыстарымен қамтамасыз етіледі.

*Болаттемірбетонды арқалықтарды пайдалану кезеңінде тексеру**Статикалық есептер**Тұрақты жүктемелер*

Көпірді пайдалану кезінде арқалыққа түсірілетін жүктемелер 6.2-кестеде ұсынылған, мұндағы γ қауіпсіздік коэффициенттері ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 сәйкес қабылданған.

6.2-кесте – Пайдалану кезеңінде арқалыққа тұрақты жүктемелер

Жүктелім түрі	g_k [кН/м]	γ_f	g_d [кН/м]
Жүру жабыны мен гидрооқшаулау	5,07	1,2	6,08
Тротуарлар мен барьерлік қоршаулар	9,64	1,2	11,57
Темірбетон плитасы	19,25	1,35	25,99
Көлденең байланыстары бар болат арқалық	3,39	1,2	4,07
	$\Sigma g_k = 37,35$		$\Sigma g_d = 47,73$

Уақытша жүктелімдер

Аралық құрылысқа әсер ететін уақытша жүктелімдер ретінде көлік жүктелімі мен жүргінші халық жүктелімі қабылданған. Көлік құралдарының апаттық тежелуінің көлденең құрамы, сондай-ақ тік әсерлерге аралық құрылыстың есептеріндегі жел жүктелімі есепке алынбайды, себебі оларды қабылдау $L/B = 19,6/13,1 = 1,5$ ара қатынасымен темірбетон плитаның дискісі мен көлденең байланыстарымен жүзеге асырылады.

ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 сәйкес жолақ ені 3,0 м және қалған бөлігінің ені $7 - 3,0 \times 2 = 1,0$ м екі жолақты қозғалыс жолы үшін LM1 жүктеу моделі қабылданған. Жүктемелердің келесі өлшемдері қабылданған:

- қозғалыстың бірінші жолағы үшін $q_k = 9$ кН/м² және екінші жолақ үшін $q_k = 2,5$ кН/м² ауданы бойынша біркелкі таралған жүктелім;

- қозғалыстың бірінші жолағы үшін осьтік жүктелім $Q_k = 300$ кН, және екінші жолақ үшін $Q_k = 200$ кН тендемді жүктелім (екі осьті арбабадан).

Барлық жүктелімдер мен қозғалыс жолақтары үшін түзету коэффициентінің бірдей мәні қабылданған $\alpha_q = \alpha_Q = 0,8$.

Жаяу жүргіншілер (халық) жүктелімі:

$$q_{tk} = 2,0 + \frac{120}{20 + 30} = 4,4 \text{ кН/м}^2 < 5,0 \text{ кН/м}^2;$$

$$q_{td} = 4,4 \times 1,35 = 5,94 \text{ кН/м}^2 > 2,5 \text{ кН/м}^2.$$

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (А.2.4(В)-кесте) сәйкес ауыспалы әсер ету (көлік жүктелімі) жағдайында көтеру қабілетінің шекті күйлері үшін жекеше коэффициент мәндерін $\gamma_Q = 1,35$ тең деп қабылданады.

Ішкі күштерді анықтау

Тұрақты және ауыспалы жүктелімдер әсерінен арқалықта туындайтын күштердің есептік мәнін ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (А.2.4(В)-кесте) талаптарына сәйкес үйлесімділік комбинациясында анықтаймыз.

Бір аралықты арқалық үшін есептелген, $g_d = 47,7$ кН/м тұрақты біркелкі таралған жүктелімнен көлденең күштер мен есептік иілу моменттері келесіні құрайды:

$$M_{gd} = 2291 \text{ кН} \cdot \text{м} \quad V_{gd} = 468 \text{ кН}.$$

Уақыт жүктелімінен күштер көлденең күштерге арналған тіректі қималардағы және иілу моменттеріне арналған әрбір арқалықтан аралық ортасындағы әсер ету сызықтары бойынша анықталған. Есептер түпкілікті элементтер әдісімен орындалған, оған сәйкес темірбетон плитасы пластиналы түпкілікті элементтермен, ал болат арқалықтар - өзекті элементтермен модельденді. Орындалған есептерден байқағанымыз, ең қатты жүктелген бірінші шеткі арқалық болып шықты. Иілу моменттері мен көлденең күштердің алынған максималды мәндері келесіні құрады:

$$M_{qd} = 8244 \text{ кН} \cdot \text{м} \quad V_{qd} = 1682 \text{ кН}.$$

Есептік күштердің жиынтықты мәні

$$M_{Ed} = M_{gd} + M_{qd} = 2291 + 8244 = 10535 \text{ кН} \cdot \text{м}, \\ V_{Ed} = V_{gd} + V_{qd} = 468 + 1682 = 2150 \text{ кН}.$$

Көтеру қабілеті бойынша тексерулер

Біріктірілген қиманың геометриялық сипаттамаларын анықтау

Қималармен біріктірілген қоставрдың төм енгі сөресіндегі кернеу жоғарғы сөредегі кернеуден асатын болады. Осыған байланысты қимасы 14×200 мм болат жолақты пісіру арқылы төменгі сөренің қимасының ауданын ұлғайтамыз (6.17-сурет).

Біріктірілген болаттемірбетонды қиманың геометриялық сипаттамаларын анықтаймыз.

Болат пен бетонның шыдамдылық мөдулдерінің ара қатынасы:

$$n = \frac{E}{E_c} = \frac{210}{32} = 6,6 \approx 7,0.$$

Қоставр қимасының ауданы:

$$A_a = 400 \text{ см}^2$$

Төменгі сөреге пісірілген болат жолақ қимасының ауданы:

$$A_b = 1,4 \times 20 = 28 \text{ см}^2.$$

Темірбетон плитасы қимасының ауданы:


$$A_c = 270 \times 22 = 5940 \text{ см}^2.$$

Болаттемірбетонды қимасының бейтарап осінің қалпын төмендегі формула бойынша анықтаймыз:

$$z = \frac{A_a \cdot z_a + \frac{1}{n} A_c \cdot z_c + A_b \cdot z_b}{A_a + \frac{1}{n} A_c + A_b},$$

Оған сәйкес $z = 94,4$ см, $x = 29$ см, яғни бейтарап ось темірбетон плитадан төмен орналасқан (6.17-сурет).

Өлшемдері, мм



6.17-сурет – Есептік біріктірілген болаттемірбетонды қима

Біріктірілген қиманың инерция моментін анықтаймыз:

$$I_y = I_a + \frac{1}{n} I_c + I_b + A_a (z_a - z)^2 + \frac{1}{n} A_c (z_c - z)^2 + A_b (z_b - z)^2,$$

мұнда

$$\begin{aligned} I_a &= 644700 \text{ см}^4, \\ I_c &= \frac{bt^3}{12} \left(1 - 0,63 \frac{t}{b} \right) = \frac{350 \times 22^3}{12} \left(1 - 0,63 \frac{22}{350} \right) = 298268 \text{ см}^4, \\ I_b &= \frac{bt^3}{12} \left(1 - 0,63 \frac{t}{b} \right) = \frac{20 \times 1,4^3}{12} \left(1 - 0,63 \frac{1,4}{20} \right) = 4,37 \text{ см}^4, \\ I_y &= 2029145 \text{ см}^4. \end{aligned}$$

Қиманың кедергі моменттерін анықтаймыз:

$$\begin{aligned} W_c &= \frac{I_y}{x} = \frac{2029145}{29} = 69971 \text{ см}^3, \\ W_{a,c} &= \frac{I_y}{x-t} = \frac{2029145}{29-22} = 289878 \text{ см}^3, \\ W_{a,t} &= \frac{I_y}{z} = \frac{2029145}{94,4} = 21495 \text{ см}^3. \end{aligned}$$

Темірбетон плитасының тиімді енін анықтау

$$\begin{aligned} b_{e1} &= b_{e2} = L/8 = 2,45 \text{ м}, \quad b_0 = 0, \\ b_{\text{eff}} &= b_0 + b_{e1} + b_{e2} = 4,9 \text{ м}. \end{aligned}$$

Алынған ені 2,7 м тең арқалықтар арасындағы қашықтықтан үлкен болғандықтан, келесі есептерде $b_{\text{eff}} = 2,7$ м қабылдаймыз.

Біріктірілген қиманың көтеру қабілетін тексеру

Шартты тексеру

$$\begin{aligned} N_c &< N_{pl,a}, \\ N_c &= 0,85 \cdot f_{cd} \cdot b_{\text{eff}} \cdot t = 0,85 \times (30/1,5) \times 2,7 \times 0,22 \times 10^3 = 10098 \text{ кН}. \end{aligned}$$

у-у бейтарап осінен төмен орналасқан болат қиманың ауданы

$$A = 400 + 28 - 30 \times 3,6 - (7 - 3,6) \times 1,9 = 314 \text{ см}^2,$$

$$N_{pl,a} = A \cdot f_{yd} = 314 \times 355 \times 10^{-1} = 11147 \text{ кН},$$

$$10098 \text{ кН} < 11147 \text{ кН}.$$

Шарт орындалды

β түзету коэффициентін анықтау

$$x > 15 \% \cdot h,$$

$$15 \% \quad h = 15 \% \quad 123,4 = 18,51 \text{ см},$$

$$x = 29 \text{ см} > 15 \% \text{ от } h = 18,51 \text{ см}.$$

Есепті иілу моментін β мөлшеріне азайту қажет

$$x/h = 29/123,4 = 0,24 \rightarrow \beta = 0,85 + (0,4 - 0,24) \times 0,6 = 0,95.$$

Арқалықтың шекті күйі олардың иілімге көтеру қабілетінің шарттары

$$\frac{M_{Ed}}{M_{pl,Rd}} \leq 1,0,$$

$$M_{pl,Rd} = N_{pl,a} \cdot z \cdot \beta = 11147 \cdot 0,944 \cdot 0,95 = 9997 \text{ кН} \cdot \text{м},$$

$$M_{Ed}/M_{pl,Rd} = 10535/9997 = 1,05 > 1,0.$$

Шарт 5%-ға орындалды. Көтеру қабілетін қамтамасыз ету үшін 320 мм дейін болат жолақтың қоставрының төменгі сөресіне пісірілетін қима енін ұлғайтамыз.

Арқалықтың шекті күйі олардың көлденең қимаға көтеру қабілетінің шарттары

$$\frac{V_{Ed}}{V_{c,Rd}} \leq 1,0,$$

$$V_{c,Rd} = V_{pl,Rd} = \frac{A_v \cdot \left(\frac{f_y}{\sqrt{s}} \right)}{\gamma_{M_0}} = \frac{212,44 \times 10^{-4} \times \frac{355 \times 10^3}{\sqrt{3}}}{1,0} = 4354 \text{ кН},$$

$$A_v = A - 2b_f \cdot t_f + (t_w + 2r) \cdot t_f \geq \eta \cdot h_w \cdot t_w,$$

$$A_v = A - 2b_f \cdot t_f + (t_w + 2r) \cdot t_f = 400 - 2 \times 30 \times 3,6 + (1,9 + 2 \times 3) \times 3,6 = 212,44 \text{ см}^2,$$

$$\eta \cdot h_w \cdot t_w = 1,0 \times 86,8 \times 1,9 = 164,92 \text{ см}^2,$$

$$A_v = 212,44 \text{ см}^2 > \eta \cdot h_w \cdot t_w = 164,92 \text{ см}^2,$$

$$\frac{V_{Ed}}{V_{c,Rd}} = \frac{2150}{4354} = 0,49 < 1,0.$$

Шарт орындалды

өзіндік жүктелім әсерінен қатаң кезеңде көтеру қабілетін тексеру

Өзіндік иілу моментінің есептелген мәні $M_{Ek} = 8354 \text{ кНм}$ құрайды. Орындалған шарттарды тексереміз

$$\sigma_i = \frac{M_{\text{Ek}}}{W_i} \leq f_i,$$

- бетонда:

$$\sigma_i = \frac{M_{\text{Ek}}}{n \cdot W_c} = \frac{8354 \times 10^3}{7 \times 69971} = 17 \text{ МПа} < f_{\text{ck}} = 30 \text{ МПа. (шарт орындалды);}$$

- коставрдың жоғарғы сөресінде:

$$\sigma_{a,c} = \frac{M_{\text{Ek}}}{W_{a,c}} = \frac{8354 \times 10^3}{289878} = 28,8 \text{ МПа} < f_y = 355 \text{ МПа (шарт орындалды);}$$

- коставрдың төменгі сөресінде:

$$\sigma_{a,t} = \frac{M_{\text{Ek}}}{W_{a,t}} = \frac{8354 \times 10^3}{21495} = 389 \text{ МПа} > f_y = 355 \text{ МПа (шарт орындалмады).}$$

Төменгі белдіктің шыдамдылығын қамтамасыз ету үшін оның қалыңдығын оған қалыңдығы 18 мм жолақты пісіру арқылы ұлғайтамыз.

Біріктіру элементтерін жобалау

Қосылыстар параметрін тағайындау

Біріктіру элементтерін диаметрі $d = 22$ мм және ұзындығы $h_{sc} = 125$ мм анкерлік цилиндрлік өзектер түрінде жобалаймыз. Анкерлер келесі төзімділік сипаттамаларына ие болаттан жасалған: $f_{yk} = 355$ МПа, $f_u = 450$ МПа.

Өзектер келесі кезектілікте $S = 30$ см қадаммен коставрдың жоғарғы сөресіне пісіріледі:

- олардың орта бөлігінде арқалықтардың бойлық осіне перпендикулярлы әрбір қатарда $n = 2$ өзектен;
- тіректерден 3,75 м қашықтықта тіректі учаскелерде олардың арқалығының бойлық осіне перпендикулярлы әрбір қатарда $n = 3$ өзектен.

Анкерлік өзектің көтеру қабілетін анықтау

ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.6.3.1) нормаларының нұсқамаларына сәйкес болат пен бетон беріктігінің шарттарынан біріктіру элементтерінің көтеру қабілетін екі мәндердің ең азы бойынша анықтаймыз:

$$P_{Rd} = \min \left\{ \begin{array}{l} 0,8 f_u \cdot \pi \cdot d^2 / 4 \cdot \frac{1}{\gamma_v}; \\ 0,29 \cdot \alpha \cdot d^2 \cdot \sqrt{f_{ck} \cdot E_{cm}} \cdot \sqrt{\frac{1}{\gamma_v}}, \end{array} \right.$$

мұнда $\gamma_t = 1,25$ – қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$3 \leq h_{sc}/d \leq 4$ үшін $\alpha = 0,2 (h_{sc}/d + 1)$;

$4 < h_{sc}/d$ үшін $\alpha = 1,0$;

$h_{sc}/d = 125/22 = 5,68 > 4 \rightarrow \alpha = 1,0$.

$$P_{Rd} = 0,8 \cdot f_u \cdot \pi \cdot d^2 / 4 \cdot 1 / \gamma_v = 0,8 \times 450 \times 10^3 \cdot \pi \times 0,022^2 / 4 \times 1 / 1,25 = 109,48 \text{ кН},$$

$$P_{Rd} = 0,29 \cdot \alpha \cdot d^2 \cdot \sqrt{f_{ck} \cdot E_{cm}} \cdot \sqrt{\frac{1}{\gamma_v}} = 0,29 \times 1,0 \times 0,022^2 \times \sqrt{30 \times 10^3 \times 32 \times 10^6} \times \frac{1}{1,25} = 110,02 \text{ кН}.$$

$$P_{Rd} = \min \begin{cases} 109,48 \\ 110,02 \end{cases} = 109,48 \text{ кН}.$$

Бір анкерлік өзектің көтеру қабілетін $P_{Rd} = 109,48 \text{ кН}$ тең деп қабылдаймыз

Конструкциялық талаптар

Өзектер арасындағы минималды және максималды қашықтықтарды
ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 нормасының 6.6.5.5-тармағына сәйкес анықтаймыз.

$$e_{1,\min} = 5d = 5 \times 22 = 110 \text{ мм} = 11 \text{ см},$$

$$e_{1,\max} = \min \begin{cases} 4d = 4 \times 22 = 88 \text{ см} \\ 60 \text{ см} \end{cases} = 60 \text{ см}.$$

Анкерлік өзектер арасындағы қабылданған қашықтық $11 \text{ см} < S = 30 \text{ см} < 60 \text{ см}$ рұқсаттық шектерде.

Анкерлік өзектердің көтеру қабілеті бойынша шекті күйлерін тексеру

Шарттың орындалуын тексереміз:

$$F_{Rd} \geq F_{\text{long}},$$

Мұндағы арқалықтың бойлық осіне перпендикулярлы әрбір қатардағы n өзектерінің көтеру қабілеті мына формуламен анықталады:

$$F_{Rd} = P_{Rd} n/s,$$

ал F_{long} ығыстыру күші мына формула бойынша

$$F_{\text{long}} = V_{Ed} \cdot A \cdot z/l_g.$$

$S = 30 \text{ см}$ қадамды қатардағы 3 өзек үшін:

$$F_{Rd} = 109,48 \times 3/0,3 = 1095 \text{ кН/м},$$

$$A = \frac{s \cdot t}{n} = \frac{30 \times 22}{3} = 220 \text{ см}^2,$$

$$F_{\text{long}} = 2150 \times \frac{220 \left(29 - \frac{22}{2} \right)}{2029145} = 4,2 \text{ кН/см} = 420 \text{ кН/м},$$

$$F_{Rd} = 1095 \text{ кН/м} > F_{\text{long}} = 420 \text{ кН/м}.$$

$S = 30 \text{ см}$ қадамды қатардағы екі өзек үшін:

$$F_{Rd} = 109,48 \times 2/0,30 = 730 \text{ кН/м},$$

$$A = \frac{s \cdot t}{n} = \frac{40 \times 22}{3} = 330 \text{ см}^2,$$

$$F_{\text{long}} = 2150 \times \frac{330 \left(29 - \frac{22}{2} \right)}{2029145} = 6,85 \text{ кН/см} = 685 \text{ кН/м},$$

$$F_{Rd} = 730 \text{ кН/м} > F_{\text{long}} = 685 \text{ кН/м}.$$

Ығысу кезінде танкерлік өзектер үшін көтеру қабілеті қамтамасыз етілген

Бойлық ығысу кезінде темірбетон плитаны тексеру

Темірбетон плитаның бойлық ығысуға төзімділігін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (6.2.4) сәйкес анықтаймыз. Плита шартты түрде керілген арматура түріндегі тартқыштармен біріктірілген қысылған қиғаш тіректер жүйесі ретінде қарастырылады (6.6-сурет). Ұзындығы бойынша анкерлік өзектер қадамына тең әсер ететін бойлық ығыстыру күші формуламен есептеледі.

$$V_{Ed} = P_{Rd} / s = 109,48 / 0,3 = 365 \text{ кН.}$$

Арқалықтардың бойлық осіне қатысты көлденең бағытта бетон плитасын арматуралау ені $b = 100 \text{ см}$ ($A_t = 7,53 \text{ см}^2 / \text{м}$) бойынша 15 см қадаммен орналасқан, диаметрі 12 мм өзектер түрінде қабылданған.

Талап етілген минимальды көлденең арматуралау

$$A_{s,min} = 0,002 h_c b = 0,002 \times 5 \times 100 = 1,0 \text{ см}^2 / \text{м} < A_t = 7,53 \text{ см}^2.$$

Ығыстыру күшінің бұрышының мөлшері $\theta = 40^\circ$ тең болып қабылданған

$$(\sin \theta = 0,643 \quad \cos \theta = 0,766 \quad \text{ctg} \theta = 1,19)$$

Ығысуға плитаның көтеру қабілеті келесі формулалар бойынша есептелген ең төменгі мәнмен қабылданады:

$$V_{Rd} = A_t f_{sy} \text{ctg} \theta = 7,53 \times 10^{-4} \times 275 \times 10^3 \times 1,19 = 247 \text{ кН/м,}$$

$$V_{Rd} = \nu A_{cv} f_{cd} \sin \theta \cos \theta = 0,53 \times 2200 \times 10^{-4} \times 13,3 \times 10^3 \times 0,643 \times 0,766 = 763 \text{ кН/м,}$$

мұнда

– бетон плитасы қимасының есептік ауданы (а-а қимасы 6.5-суретте)

$$A_{cv} = 100 h_c = 100 \times 22 = 2200 \text{ см}^2 / \text{м};$$

– төмендетуші коэффициент

$$\nu = 0,6 (1 - f_{ck} / 250) = 0,6 \times (1 - 30 / 250) = 0,53.$$

Плита ығысуына көтеру қабілетін қамтамасыз ету шартын тексереміз:

$$V_{Rd} > 0,5 V_{Ed},$$

$$247 \text{ кН/м} > 0,5 \times 365 = 183 \text{ кН/м.}$$

Бойлық ығысу кезінде темірбетон плитаның көтеру қабілеті қамтамасыз етілген.

6.2 Сығылған және сығылып-иілген элементтер

6.2.1 Бір осьті сығу кезіндегі есептер

6.2.1.1 [6.7.1] Тұрақтарды жобалау кезінде есептеудің жалпы және ықшамдалған әдісін қолдануға болады. Соңғы әдіс екі симметрия оське ие, ұзындығы бойынша тұрақты қималары бар көп пайдаланылатын элементтер үшін қолданылады. Бұл ретте конструктивті болаттан жасалған қиманың барлық компоненттері өзара біріктірілуі қажет. Рационалды жобаланған қимада құрамдас қимадағы δ болат үлесінің коэффициенті 0,2-ден 0,9 дейінгі шекте болуы тиіс. δ мөлшері мына формуладан анықталады

$$\delta = \frac{A_a f_{yd}}{N_{pl,Rd}}, \quad (6.20)$$

мұнда $N_{pl,Rd}$ – (6.21) формула бойынша анықталатын сығылуға қиманың көтеру қабілеті.

6.2.1.2 [6.7.3.2] Ықшамдалған әдіс бойынша болаттемірбетонды қиманың $N_{pl,Rd}$ бір осьті сығылуы кезіндегі көтеру қабілетін конструктивті болат, бетон мен арматураның көтеру қабілетінің сомасы ретінде анықтау қажет:

$$N_{pl,Rd} = A_a f_{yd} + 0,85 A_c f_{cd} + A_s f_{sd}. \quad (6.21)$$

Мұнда құбырлы бетонды қималар үшін 0,85 коэффициентінің орнына 1,0 коэффициенті қолданылуы қажет.

6.2.1.3 [6.7.3.2 (6)] Құбырлы бетонды қималарды сығу кезіндегі көтеру қабілетін оның көлденең деформацияларын шектеу шартында бетон тығыздығын ұлғайтуды есепке ала отырып анықтауға болады. Бұл үшін қажетті шарт $\bar{\lambda} < 0,5$ және $e/d < 0,1$, қатынастарын сақтау болады, мұнда $e = M_{ed} / N_{Ed}$ жүктелімді түсірудің эксцентриситеті болып табылады.

$$N_{pl,Rd} = \eta_a A_a f_{yd} + A_c f_{cd} \left(1 + \eta_c \cdot \frac{t}{d} \cdot \frac{f_y}{f_{ck}} \right) + A_s f_{sd}, \quad (6.22)$$

мұнда t және d – болат құбырдың қабырғасының қалыңдығы және сыртқы диаметрі;
 $\eta_a = \eta_{a0}$ және $\eta_c = \eta_{c0}$ ал $e = 0$ болғанда мына формула бойынша анықталады:

$$\eta_{a0} = 0,25 \cdot (3 + 2 \bar{\lambda}) \quad \text{бұл ретте } \eta_{a0} \leq 1,0; \quad (6.23)$$

$$\eta_{c0} = 4,9 - 18,5 \bar{\lambda} + 17 \bar{\lambda}^2 \quad \text{бұл ретте } \eta_{c0} \geq 0, \quad (6.24)$$

6.2.1.4 [6.7.3.5(2)] ості сығылуға түсетін тұрақтар үшін формулаға сәйкес келесі шарт сақталуы қажет:




$$\frac{N_{Ed}}{\chi \cdot N_{pl,Rd}} \leq 1,0, \quad (6.25)$$

мұнда N_{Ed} - сығу күшінің есептік мәні;



$\chi - \bar{\lambda}$ қатысты иілімділігін және тұрақтылығын жоғалту формасына байланысты редуциялық коэффициент.

6.2.1.5 [6.7.3.5(2)] арматуралау коэффициенті $\rho_s = A_s/A_c$ болаттемірбетонды тіректердің көлденең қималары үшін ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 сәйкес тұрақтылықты жоғалтудың өзіне тән қисық сызықтары 6.3-кестеде ұсынылған.

6.3-кесте – ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 нормасының 6.7.3.4-т. сәйкес болаттемірбетонды тіректері үшін элементтердің осінен рұқсатты ауытқулар мен тұрақтылықты жоғалтудың қисық сызықтары

Көлденең қима	Шекті мәндер	Тұрақтылықты жоғалтудың осі	Тұрақтылықты жоғалтудың қисық сызығы	Элементтің ауытқуы
Толығымен құйып бекітілген қима 		y-y	b	L/200
		z-z	c	L/150
Ішінара құйып бекітілген қима 		y-y	b	L/200
		z-z	c	L/150
Дөңгелек және тік бұрышты пішінді болат кескін 	$\rho_s \leq 3 \%$	Кез келген	a	L/300
	$3 \% < \rho_s \leq 6 \%$	Кез келген	B	L/200

**6.3-кесте – ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 нормасының 6.7.3.4-т. сәйкес
болаттемірбетонды тіректері үшін элементтердің осінен рұқсатты ауытқулар мен
тұрақтылықты жоғалтудың қисық сызықтары (жалғасы)**

Көлденең қима	Шекті мәндер	Тұрақтылықты жоғалтудың осі	Тұрақтылықты жоғалтудың қисық сызығы	Элементтің ауытқуы
Қосымша қоставрлы қимасы бар дөңгелек болат кескін 		y-y	b	L/200
		z-z	b	L/200
Крестті қоставрлы қимасы бар ішінара қойып бекітілген кескін 		Кез келген	b	L/200

6.2.1.6 [6.7.3.3(2)] $\bar{\lambda}$ тіректерінің қатысты иілілігі 2,0 аспауы және мына формуладан анықталуы қажет:

$$\bar{\lambda} = \sqrt{\frac{N_{pl,Rk}}{N_{cr}}}, \quad (6.26)$$

мұнда $N_{pl,Rk}$ - (6.21) формуласына сәйкес көтеру қабілетінің сығылуға сипаттамалық мәні;

N_{cr} – тұрақтылықты жоғалтудың тиісті формасы үшін серпімді шектік қалыпты күші.

6.2.1.7 [6.7.3.3(3)] $\bar{\lambda}$ және N_{cr} мәндері төмендегі формуламен анықталатын, қиманың тиімді иілу қаттылығының $(EI)_{eff}$ өзіне тән мөлшерінің негізінде есептеледі:

$$(EI)_{eff} = E_a I_a + E_s I_s + K_e E_{cm} I_c, \quad (6.27)$$

мұнда $K_e = 0,6$ - түзету коэффициенті;

I_a, I_c, I_s – сәйкесінше контруктивті болаты, жарықшақтығы есепке алынбайтын бетон және арматура инерциясының моменттері.

6.2.1.8 [6.7.3.3(4)] $(EI)_{\text{eff}}$ есептеу кезінде бетонның сырғығыштығын оның E_{cm} серпімділік модулін $E_{\text{c,eff}}$ мәніне дейін азайту арқылы есептеу қажет:

$$E_{\text{c,eff}} = E_{\text{cm}} \cdot \frac{1}{1 + (N_{\text{G,Ed}} / N_{\text{Ed}}) \cdot \varphi_t}, \quad (6.28)$$

мұнда φ_t – бетонның сырғығыштық коэффициенті;

N_{Ed} – осьті күштің жалпы мөлшері;

$N_{\text{G,Ed}}$ – осьті күштің тұрақты ұзақ мерзімді қолданылатын бөлігі.

6.2.2 Иіліспен сығу есептері

6.2.2.1 Сығу және иілу бірге әрекет еткен кездегі көлденең қиманың көтергіш қабілеті кернеудің тік бұрышты эпюраларының болжамдарында және бетонды созуды есептемей-ақ анықталады (6.18-сурет).


әрекетіне әсер етуін болаттың есептік беріктігін $(1 - \rho) f_{yd}$ шамасына дейін азайту арқылы $V_{\text{a,Ed}} > V_{\text{pl,a,Rd}}$ кезінде ескеру керек, мұнда $\rho = (2 \cdot V_{\text{Ed}} / V_{\text{Rd}} - 1)^2$ а V_{Rd} тік жылжытуға кедергі. Бұл кезде жылжытушы күш $V_{\text{a,Ed}}$ жылжытуға болат пішіннің көтергіш қабілетінен аспауы тиіс. Қиманың темірбетон бөлігінің $V_{\text{c,Ed}}$ жылжытуға көтергіш қабілеті ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (6.2) сәйкес тексерілуі керек. V_{Ed} шамасын болат және темірбетон қималарына әсер етуші $V_{\text{a,Ed}}$ және $V_{\text{c,Ed}}$ құраушыларына бөлуге болады:

$$V_{\text{a,Ed}} = V_{\text{Ed}} \cdot \frac{M_{\text{pl,a,Rd}}}{M_{\text{pl,Rd}}}, \quad (6.29)$$

$$V_{\text{c,Ed}} = V_{\text{Ed}} - V_{\text{a,Ed}}, \quad (6.30)$$

мұнда $M_{\text{pl,a,Rd}}$ – созылымды ию кезіндегі болат қиманың көтергіш қабілеті;


$M_{\text{pl,Rd}}$ – созылымды ию кезіндегі болаттемірбетон қимасының көтергіш қабілеті.




6.18-сурет - ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 6.7.3.2(2)-тармағына сәйкес бірге сығу және бір осьті ию үшін қисық әрекет етуі

6.2.2.2 [6.7.3.1(4)] Көлденең күштердің иілу кедергісіне және қалыпты күштің

6.2.2.3 [6.7.3.1(5)] Тәжірибелік есептеулерде көпбұрышты түріндегі өзара қисық әрекеттесуін қолдануға болады, мұнда қималар үшін 6.19а-с-суреттегідей $N_{pm,Rd} = 0,85 \cdot f_{cd} \cdot A_c$, ал құбырбетон қималары үшін $N_{pm,Rd} = f_{cd} \cdot A_c$.



6.19-сурет – Жеңілдетілген өзара қисық әрекеттесу және ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 6.7.3.2(5)-тармағына сәйкес кернеулерді сәйкесінше бөлу



6.19-сурет – Жеңілдетілген өзара қисық әрекеттесу және ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 6.7.3.2(5)-тармағына сәйкес кернеулерді сәйкесінше бөлу (жалғасы)

6.2.2.4 [6.7.3.6] Сығуды және бір осьті иіруді бірге әрекеттестірген кезде формула бойынша келесі шарт қанағаттандырылуы тиіс:

$$\frac{M_{Ed}}{M_{pl,N,Rd}} = \frac{M_{Ed}}{\mu_d M_{pl,Rd}} \leq \alpha_M, \quad (6.31)$$

мұнда M_{Ed} – екінші тәртіпті ауытқуын және ықпалын есептеу арқылы есептелінген тірек ұзындығы шектеріндегі соңғы моменттерден және максималды иілу моментінен ең көбі;

$M_{pl,N,Rd} - \mu_d M_{pl,Rd}$ көмегімен көрсетілген N_{Ed} қалыпты күшті есептеу арқылы созылымды иілу кезіндегі көтергіш қабілеті (6.18-сурет);

$M_{pl,Rd}$ – 6.19-суреттегі В нүктесіне сәйкес созылымды иілу кезіндегі көтергіш қабілеті;

$\alpha_M = 0,9$ S235 бастап S355 дейінгі маркалы болаттар үшін және $\alpha_M = 0,8$ S420 және S460 маркалы болаттар үшін.

6.2.2.5 [6.7.3.7] Сығу және екі осьті иілу бірге әрекет еткен кезде келесілер қанағаттандырылуы керек:

$$\frac{M_{y,Ed}}{\mu_{dy} M_{pl,y,Rd}} \leq \alpha_{M,y}, \quad \frac{M_{z,Ed}}{\mu_{dz} M_{pl,z,Rd}} \leq \alpha_{M,z}, \quad (6.32)$$


$$\frac{M_{y,Ed}}{\mu_{dy} M_{pl,y,Rd}} + \frac{M_{z,Ed}}{\mu_{dz} M_{pl,z,Rd}} \leq 1,0, \quad (6.33)$$

мұнда $M_{pl,y,Rd}$ және $M_{pl,z,Rd}$ – иілудің сәйкесінше жазықтығындағы созылымды иілу кезіндегі көтергіш қабілеті;

$M_{y,Ed}$ и $M_{z,Ed}$ – екінші тәртіпті әсер етуді және геометриялық ауытқуларды қосқанда есептік иілу моменттері;

μ_{dy} и μ_{dz} – 6.20-суретіне сәйкес анықталатын коэффициенттер;

$\alpha_M = \alpha_{M,y}$ и $\alpha_M = \alpha_{M,z}$ – (6.31) формуласындағыдай анықталатын коэффициенттер.






6.20-сурет – ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 6.7.3.6(2)-тармағына сәйкес сығуға және екі осьті иілуге есептеу

6.2.3 Болат элементтердің жергілікті тұрақтылығын жоғалтуы

6.2.3.1 Бойлық иілу кезінде болат элементтердің жергілікті орнықтылығын жоғалту ықпалы ескерілмейді, егер болат пішін сөрелерін толық бетондаған кездегі бетонның қорғаныс қабаты 40 мм кем емес және сөренің b енінен $1/6$ кем емес болса. Көлденең қиманың басқа түрлері үшін жергілікті орнықтылықты жоғалтуды 6.4-кестеде берілген d/t максималды рұқсат етілген мәндерден аспаған жағдайда ескермеуге болады.

6.4-кесте – ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 (6.7.1 (9)) сәйкес d/t , h/t және b/t_f максималды рұқсат етілген мәндер

Көлденең қима	Максималды мәндер d/t , h/t и b/t
<p>Құбырлы болат пішін</p> 	$\max(d/t) = 90 \cdot \frac{235}{f_y}$
<p>Тікбұрышты қуыс болат пішін</p> 	$\max(h/t) = 52 \cdot \sqrt{\frac{235}{f_y}}$
<p>Жартылай бетондалған қоставрлы пішін</p> 	$\max(b/t_f) = 44 \cdot \sqrt{\frac{235}{f_y}}$

6.2.4 Жинаяталған күштерді беру учаскелері

6.2.4.1 [6.7.4.2(6)] Қуыс қималар үшін шоғырланған күштерді қабылдайтын қабырғалар астындағы бетонның беріктігін тексеру келесі формуламен жүзеге асады:

$$\sigma_{c,Rd} = f_{cd} \cdot \left(1 + \eta_{cL} \cdot \frac{1}{a} \cdot \frac{f_y}{f_{ck}} \right) \cdot \sqrt{\frac{A_c}{A_1}} \leq \frac{A_c \cdot f_{cd}}{A_1} \leq f_{yd}, \quad (6.34)$$

мұнда t – болат құбыр қабырғаларының қалыңдығы;


a – құбыр диаметрі немесе шаршы қиманың ені;

A_c – бағанның бетон пішінді көлденең қимасының ауданы;

A_1 – қабырға астындағы жүктелген аудан (6.21-сурет);


$\eta_{cL} = 4,9$ – дөңгелек болат құбырлар үшін және $3,5$ – шаршы қималар үшін.

A_c/A_1 қатынасы 20-дан аспауы тиіс. Орамал және болат қуыс қималар арасындағы дәнекерлеу жапсарлары ҚР ҚН EN 1993-1-8:2005/2011 (4-тарау) сәйкес жобалануы тиіс.



6.21-сурет – ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 6.7.4.2(б)-тарауына сәйкес құбырбетон тіреулеріндегі шоғырланған күштерді жіберу

6.2.4.2 [6.7.4.2(9)] Шоғырланған жүктемені ашық пішіннің бетондалған болат қимасы арқылы жіберген кезде жылжытушы күштер біріктіруші элементтері бар болат және бетон байланысында ғана қабылдануы тиіс. Болат пішінмен біріктірілмеген бетон бөліктері (болат сөрелер шектеріне тыс) көлденең қамыттармен арматуралануы керек, олардың күштері қиғаш модельдерге сәйкес анықталады (6.22-сурет).



1 – бірігудің жоқ болуы, 2 – бетон мен болаттың бірігуі бар

6.22-сурет – ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 6.7.3.6(9)-сәйкес болатпен біріктірілмеген бетонның көлденең арматуралануы

6.2.5 Конструктивті талаптар

Болаттемірбетонды қиманың биіктігінің еніне қатынасы 0,2-ден 5,0 дейінгі шектерде болуы керек. Болат пішіннің толықтай бетондалған бетонның қорғаныш қабатының қалыңдығы (А.39-сурет) 40 мм кем емес және b енінің $1/6$ болуы және келесі мәндерден аспауы тиіс:

$$\max c_z = 0,3h, \max c_y = 0,4b. \quad (6.35)$$

Толық немесе жартылай бетондалған тіреулердегі көлденең және бойлық арматура ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 және 9.5 сәйкес жобаланады. Толықтай бетондалған қимасы бар тіреулердегі есептік бойлық арматура бетонның көлденең қимасының ауданынан 0,3 % кем емес және 6 % артық емес болуы керек. ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 бойынша Х0 класын пайдалану шарттары үшін 200 мм қадамды диаметрі 6 мм ең кіші бойлық арматураны және 250 қадамды диаметрі 8 мм көлденең арматураны қарастыру керек. Құбырбетонды қималардағы бойлық арматура әдеттегідей отқа төзімді талаптарға сүйене отырып арналады.

МЫСАЛ

Берілгені: Биіктігі $H = 3,0$ м көпір фермасының сығылған болаттемірбетонды тіреуін жобалау. Тіреу меншікті салмағын қосқанда есептік осьтік күштің $N_G = 1200$ кН және уақытша жүктемеден осьтік күштің $N_Q = 1100$ кН әсеріне ұшырайды. Тіреу қимасы толық бетондалған болып табылады.

Қабылданатын қима:

Жобаланатын тіреудің қимасы келесі конструктивтік элементтерден қабылданған (6.23-сурет):

– 6.24-суреттегі белгілерге сәйкес геометриялық сипаттамалары бар ГОСТ 26020-83 бойынша 23К1 бағанды коставр:

$$A_a = 66,51 \text{ см}^2 \quad h = 227 \text{ мм} \quad b = 240 \text{ мм} \quad t_f = 12 \text{ мм} \quad t_w = 8 \text{ мм} \quad J_y = 6589 \text{ см}^4$$

$$W_y = 580 \text{ см}^3 \quad i_y = 9,95 \text{ см} \quad J_z = 2421 \text{ см}^4 \quad W_z = 202 \text{ см}^3 \quad i_z = 6,03 \text{ см}$$


Коставр материалы S 235 маркалы болат (ҚР ҚН EN 10025-2 сәйкес), келесі беріктігі және деформациялану сипаттамалары бар $f_y = 235$ МПа, $f_u = 360$ МПа, $E = 210000$ МПа.

– ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес C20/25 класты бетон ($f_{ck} = 20$ МПа, $f_{cd} = 13,3$ МПа, $E_{cm} = 30000$ МПа). Бетонның қорғаныш қабатының қалыңдығы $c = 50$ мм деп қабылданған және келесі талаптарды қанағаттандырады:


$$c_y = 50 \text{ мм} < 0,4 \cdot b = 0,4 \times 240 = 96 \text{ мм},$$

$$c_z = 50 \text{ мм} < 0,3 \cdot h = 0,3 \times 227 = 68,1 \text{ мм};$$

– бетонды арматуралау 8 дана мөлшеріндегі диаметрі $d = 16$ мм өзектермен ($A_s = 16,08 \text{ см}^2$), S 275 маркалы болатпен жүзеге асады. Өзектердің осьтері қима шетінен $a = 3$ см арақашықтықта орналасқан.



6.23-сурет – Сығылған тіреу қимасының қабылданған конструктивті шешімі



6.24-сурет – Қоставрдың геометриялық өлшемдері

Болаттемірбетонды қиманың геометриялық параметрлері

$$h_c = h + 2 c_z = 227 + 2 \times 50 = 327 \text{ мм},$$

$$b_c = b + 2 c_y = 240 + 2 \times 50 = 340 \text{ мм}.$$

Бетон қимасының ауданы

$$A_c = h_c b_c - A_a = 32,7 \times 34 - 66,51 = 1045,3 \text{ см}^2.$$

Қиманың көтергіш қабілетін анықтау

Созылымды кезеңдегі қима кедергісінің сығудағы көтергіш қабілеті келесі формуламен анықталады:

$$N_{pl,Rd} = A_a f_{yd} + 0,85 A_c f_{cd} + A_s f_{sd} =$$

$$= 66,51 \times 10^{-4} \times 235 \times 10^3 + 0,85 \times 1045,3 \times 10^{-4} \times 13,3 \times 10^3 + 16,08 \times 10^{-4} \times 275 \times 10^3 = 2789 \text{ кН}.$$

Болат қимамен қабылданатын күш үлесін сипаттайтын δ болаттың ықпал ету коэффициенті, тең

$$0,2 < \delta = A_a f_{yd} / N_{pl,Rd} = 66,51 \times 23,5 / 2789 = 0,56 < 0,9.$$

Арматуралану пайызын анықтаймыз

$$\rho = A_s / [b_c(b_c - a) - A_a] = 16,08 / [34(32,7 - 3) - 66,51] = 0,017 = 1,7 \% > 0,3 \%$$

Орнықтылықты жоғалтудың минималды тиімді қисығын (ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 нормаларының 6.2-кестесін қараңыз), сондай-ақ $J_y = 6589 \text{ см}^4 > J_z = 2421 \text{ см}^4$ қатынасын ескере отырып

тіреудің көтергіш қабілетін пайдаланудың ең ықтимал түрі ОZ осіне қатысты оның орнықтылығын жоғалту болып табылады. Осыған байланысты алдағы барлық есептеулерді осы оське қатысты қиманың геометриялық сипаттамаларын қолдану арқылы жүргіземіз.

Қоставр инерциясының моменті

$$J_a = J_z = 2421 \text{ см}^4.$$

Арматура инерциясының моменті

$$J_s = A_s / (b_c / 2 - a)^2 = 16,8 / (34 / 2 - 3)^2 = 3293 \text{ см}^4.$$

Бетон инерциясының моменті

$$J_c = h_c(b_c)^3 / 12 - J_a - J_s = 32,7 \times 34^3 / 12 - 2421 - 3293 = 101389 \text{ см}^4.$$

Қиманың иілу қаттылығына ұзақ әсерлердің ықпалын $\varphi_t = 2,0$ жылжығыштық коэффициентінің көмегімен бетонның серпімділік модулін түзету арқылы ескереміз.

$$E_c = E_{cm} / (1 + \varphi_t N_G / N) = 30 / (1 + 2,0 \times 1200 / 2300) = 14,7 \text{ ГПа} = 14,7 \times 10^6 \text{ кН/м}^2,$$

мұнда $N = N_G + N_Q = 1200 + 1100 = 2300 \text{ кН}$ - тұрақты және уақытша жүктемелердің әсерінен жалпы есептік осьтік күш.

Қиманың иілу қаттылығының берілген сипаттамалық мәнін анықтаймыз

$$(EJ)_{\text{eff}} = E_a J_a + E_s J_s + 0,6 E_c J_c = 210 \times 10^6 \times 2421 \times 10^{-8} + 210 \times 10^6 \times 3293 \times 10^{-8} + 0,6 \times 14,7 \times 10^6 \times 101389 \times 10^{-8} = 20943 \text{ кН} \cdot \text{м}^2.$$

Болаттемірбетонды қиманың көтергіш қабілетінің сипаттамалық мәнін анықтаймыз

$$N_{pl,Rk} = A_a f_{yk} + 0,85 A_{cfk} + A_{sfk} = 66,51 \times 10^{-4} \times 235 \times 10^3 + 0,85 \times 1045,3 \times 10^{-4} \times 20 \times 10^3 + 16,08 \times 10^{-4} \times 275 \times 10^3 = 3782 \text{ кН}.$$

Тіреудің жалғау түйіндері иілу моменттерін бермейтіндей етіп жобаланған (топсалы қосылыс, $\mu = 1,0$ болған кезде). Олай болса тіреудің есептік ұзындығы

$$l_o = \mu H = 1,0 \times 300 = 300 \text{ мм}.$$

Аумалы сығу күшінің шамасын анықтаймыз

$$N_{cr} = \pi^2 (EJ)_{\text{eff}} / (l_o)^2 = 3,142 \times 20943 / 3^2 = 22943 \text{ кН}.$$

Тіреудің шартты икемділігі

$$\lambda^* = (N_{pl,Rk} / N_{cr})^{0,5} = (3782 / 22943)^{0,5} = 0,406.$$

Тіреудің көлденең қимасының параметрлері келесі шарттарды қанағаттандырады:

- тіреудің көлденең қимасында екі симметриялы осі бар және барлық ұзындығы бойынша тұрақты болып табылады;
- тіреудің шартты икемділігі $\lambda^* = 0,406 < 2$;
- қиманың арматуралану пайызы $\rho = 0,017 < 0,04$;
- бетонның қорғаныш қабатының қалыңдығы $c = 50 \text{ мм}$ келесі шарттарға сәйкес келеді

$$40 \text{ мм} < c_y = 50 \text{ мм} < 0,4 b = 0,4 \times 240 = 96 \text{ мм},$$

$$40 \text{ мм} < c_z = 50 \text{ мм} < 0,3 \times 227 = 68,1 \text{ мм};$$

- болат қимамен қабылданған күш үлесін сипаттайтын болаттың ықпал ету δ коэффициенті шекараларда тұрады

$$0,2 < \delta = 0,56 < 0,9.$$

Орындалған шарттар тіреудің көтергіш қабілетін қамтамасыз етуді тексеру үшін жеңілдетілген әдістемені қолдануға мүмкіндік береді

$$N / (\chi N_{pl,Rd}) < 1,$$

мұнда төмендету коэффициенті $\chi = 0,9$ ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 нормаларының 6.6-суретіне сәйкес «с» қисығы бойынша анықталған.

$$2300 / (2789 \times 0,9) = 0,92 < 1.$$

Тіреудің көтергіш қабілеті қамтамасыз етілді. Болаттемірбетон қиманың соңғы өлшемдерін $b_c = 34 \text{ см}$ $h_c = 33 \text{ см}$ тең деп қабылдаймыз.

7 ПАЙДАЛАНУҒА ЖАРАМДЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕР

7.1 Иілімдерді тексеру

7.1.1 Көпірлік конструкциялар үшін пайдаланушы жарамдылығы бойынша тексеруді құрылыс кезеңі және пайдалану кезеңі үшін өндіру қажет. Осы мақсатта ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, А.2.4 (А қосымшасы) нормаларында келтірілген әсерлер комбинациясын пайдалану қажет. Аралық құрылымдардың арқалықтарының иілімдері серпімді талдау негізінде анықталуы тиіс.

7.1.2 Пайдалану жарамдылығының шектік күйлері бойынша есептерде арқалықтардағы кернеулерді сырғу, шөгу және бетонның жарықшақ түзу әсерін, болат элементпен бетон плитаның қозғалысты қосылысының икемділігін, егер орын алса болат пен арматураның серпімді емес жұмысын ескере отырып анықтау қажет. Егер әлдеқайда дәл әдіс пайдаланылмайтын болса, онда сырғу және шөгу әсерін болат пен бетонның серпімділік модульдерінің арақатынасын білдіретін келтіру коэффициентінің көмегімен ескеруге болады. Бұл жағдайда жарықшақтармен қималарда шөгудің бастапқы әсерлерін ескермеуге болады.

МЫСАЛЫ

Берілді: болаттемірбетонды 19,6 м аралықпен автожол көпірінің бір аралықты құрылымы (6.1-тармақтың мысалын қараңыз).

Талап етіледі: жол берілетін иілімді қамтамасыз ету шарттарынан пайдалану жарамдылығы бойынша арқалық құрылымының шектік күйін тексеру.

Пайдалану жарамдылығы бойынша шектік күйді ҚР ҚН EN1990:2002+A1:2005/2011, 3.4-т. талаптарына сәйкес тексереміз:

$$w_{\text{constr}} \leq w_{\text{do}}.$$

Салу кезеңінде иілімді анықтаймыз.

Біркелкі таралған нормативті ұзындық жүктемеден еркін тірелген арқалықтың ең жоғары иілімі $g'_{1k}=25,2$ кН/м:

$$w_{\text{constr}} = \frac{s}{384} \cdot \frac{g'_{1k} \cdot L^4}{EJ_y} = \frac{s}{384} \cdot \frac{26,9 \times 19,6^2}{0,02100000 \times 64470} = 0,04 \text{ см.}$$

Иілімнің шектік мәні:

$$w_{\text{dop}} = L/350 = 5,6 \text{ см,}$$

$$w_{\text{const}} = 0,039 \text{ см} < w_{\text{dop}} = 5,6 \text{ см.}$$

Пайдалану кезеңінде иілімді анықтаймыз.

$$w = L/400 = 1960/400 = 4,9 \text{ см.}$$

Бетон плитасының беріктігін алғаннан кейін салынған сипаттамалық жүктемелердің әсерінен иілу:


$$w_{\text{CDM}} = \frac{s}{384} \cdot \frac{\Delta g'_{1k} \cdot L^4}{EJ_y} + \frac{s}{48} \cdot \frac{M_{qk} \cdot L^2}{EJ_y} = 0,31 \text{ см.}$$

Толық иілім: $w = w_{\text{constr}} + w_{\text{CDM}} = 0,04 + 0,31 = 0,35 \text{ см} < u_{\text{dop}} = 4,9 \text{ см.}$

Арқалық құрылымның иілімі шектік мәннен аспайды.

7.2 Дірілді шектеу

Көпірлердің дірілі ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, А2.4-т. және ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011, 5.7 және 6.4 –т. талаптарына сәйкес шектелуі тиіс. 7.1-суреттің кестелерінде діріл жоққа шығарылатын теміржол көпірлері иілімдерінің шектік мәндері берілген.



1 – иілімдердің төменгі шекарасы, 2 – иілімдердің жоғарғы шекарасы

7.1-сурет – Дірілді ескере отырып теміржол көпірлері иілімдерінің шектелуі [11]

7.3 Бетонда жарықшақтанудың түзілуін шектеу

7.3.1 [7.4.1] Жарықшақтардың ашылу ені минималды арматуралауды қамтамасыз ету арқылы шектелуі мүмкін. Темірбетон плитасының минималды көлденең арматуралануын көлденең арматуралауға қатысты ережелерді пайдалана отырып, ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес есептеу керек. Көлденең арматуралаудың минималды пайызы 0,2 %-дан кем болмауы тиіс.

7.3.2 [7.4.2] Алдын ала кернеуінің болмауы шартында бетон плиталарды минималды бойлық арматуралау A_s келесі формула бойынша анықталады:

$$A_s = k_s \cdot k_c \cdot k \cdot f_{ct,eff} \cdot A_{ct} / \sigma_s, \quad (7.1)$$

мұнда $f_{ct,eff}$ – жарықшақтың түзілу моменті үшін созылу кезінде бетонның орташа беріктігі, оның мәндерін осы құралдың 5.1а және 5.1б-кестелерінен қабылдауға болады;

$k = 0,8$ мәніне тең қабылдауға болатын, плитадағы кернеулердің біркелкі таралмауы әсерін ескеретін коэффициент;

$k_s = 0,9$ мәніне тең қабылдауға болатын, жылжымалы қосылыстың икемділігі және жарықшақтардың түзілуі себепті бетон плитада бойлық күштің төмендеу әсерін ескеретін

коэффициент;

k_c – жарықшақтар түзілгенге дейін қимада кернеулердің таралуын ескеретін және келесі формула бойынша анықталатын коэффициент

$$k_c = \frac{1}{1 + h_c / (2z_0)} + 0,3 \leq 1,0, \quad (7.2)$$

мұнда h_c – доғалқиыстарды немесе қырларды ескерусіз бетон плитаның қалыңдығы;

z_0 – жарықшақсыз болаттемірбетонды қима мен бетон плитасының ауырлық орталықтары арасындағы арақашықтық;

σ_s – тікелей f_{sk} сипаттамалық беріктігіне тең болып қабылдануы мүмкін жарықшақтар түзілгеннен кейін арматурадағы ең жоғары жол берілетін кернеу;

A_{ct} – плитаның тиімді енінің шегінде есептеулерді жеңілдету мақсатында қабылданатын бетонның созылған аймағының қима ауданы;

Минималды арматуралау үшін өзектің ең жоғары диаметрі келесі формуладан анықталады:

$$\phi = \phi^* f_{ct,eff} / f_{ct,0}, \quad (7.3)$$

мұнда ϕ^* – 7.1-кесте бойынша өзектің ең жоғары диаметрі;

$f_{ct,0} = 2,9$ МПа құрайтын созылуға бетонның бастапқы кедергісі.

7.1-кесте - ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011, 7.4.2(2)-т. сәйкес кезеңдік пішіннің арматуралық өзектерінің максималды диаметрі

Арматурадағы кернеу σ_s (МПа)	w_k жарықшақтың есептелген ашылу ені кезіндегі өзектің максималды диаметрі ϕ^* (мм)		
	$w_k = 0,4$ мм	$w_k = 0,3$ мм	$w_k = 0,2$ мм
160	40	32	25
200	32	25	16
240	20	16	12
280	16	12	8
320	12	10	6
360	10	8	5
400	8	6	4
450	6	5	—

8 АРҚАЛЫҚ ТӨСЕМДЕРІ

8.1 Ішкі күштерді анықтау


8.1.1 Арқалық төсемдердің контруктивті шешімдері осы құралдың А.3 –де келтірілген. Арқалық төсемдерді құрылыс және пайдалану кезеңінде көтергіш қабілет және пайдалану жарамдылығы бойынша есептеу керек. Екі кезең үшін аралық және тірек қималардағы бүгілу сәттерін және көлденең күштерді құрылыс механикасының жалпы ережелері бойынша анықтауға болады. Пайдалану кезеңінде ішкі күштер бетондағы жарықшақтың түзілуінен туындаған қайта таралуын ескерусіз серпімді есептің көмегімен анықталуы тиіс. Тілінбеген арқалық төсемдердегі тіректік иілім сәттерін анықтау кезінде көтеру қабілетінің шектік күйлері бойынша есептеулерде материалдың серпімді емес жұмысын есепке алуға жол беріледі. Бұл жағдайда болат арқалықтардың элементтері 1 класқа жатқызылуы тиіс, ал қайта таралу шамасы 15 %-дан аспауы тиіс.

8.1.2 Пайдалану кезеңінде ішкі күштерді анықтау кезінде көліктен аралыққа көлденең бағытта жүктеменің біркелкі емес таралу сипатын ескеру керек. Толтыру бетоны арқылы жүктелген арқалықтармен біріктірілген жүктелмеген көрші арқалықтарды бірлескен жұмысқа қосуды келесі есептеу әдістерінің көмегімен ескеруге болады:


- біртұтас ортотропты плита ретінде арқалық төсемді моделдеумен;
- толтыру бетонын болат арқалықтар арасында орналасқан және майысу және бұралу кезінде бетонға балама болатын қаттылыққа иелік ететін қаттылықтың көлденең өзекті диафрагмалары түрінде моделдеумен; бұл жағдайда бетон толтырмасын майыстыру және бұрау кезіндегі қаттылық жарықшақсыз күйдегі қаттылығының 50 % құрауына жол беруге болады;
- арқалық төсемді осы құралдың 5-бөлімінде келтірілген болаттың және бетонның деформациялық сипаттамаларын пайдаланып, кеңістік жүйе ретінде түпкілікті элементтер әдісімен моделдеумен.

8.1.3 Балласт қабатымен теміржол көпірлеріне арналған практикалық есептеулерде P уақытша жылжымалы жүктемені b_p ені шегінде төсемнің арқалығына біркелкі бөлінген деп санауға болады (8.1-сурет). $L < 5,0$ м арқалық төсемінің аралығында мән $b_p = L$, бірақ $B > b_p > 3,5$ м. $L > 5,0$ м кезінде $b_p = B$, бірақ $b_p < 5$ м, мұнда B арқалық төсемнің ені болып табылады.

8.1.4 Автожол көпірлері үшін дөңгелектердің қысымынан келетін жергілікті жүктемені 8.2-суреттегі сызбаға сәйкес төсемнің арқалығына бөлуге болады. Мұнда бір дөңгелектен жүктеменің таралу ені b_{p1} арқалық төсемнің L аралығына байланысты: $L = 3,5$ м - $b_{p1} = 2,0$ м, $L = 6,0$ м - $b_{p1} = 3,75$ м, $L = 10,0$ м - $b_{p1} = 4,5$ м және $L = 16,0$ м - $b_{p1} = 5,0$ м. Аралық мәндер үшін интерполяцияны пайдалану керек. Егер арқалық төсемнің B енінде $c_i < b_{p1}$ кадаммен біреуден асатын автомобиль дөңгелегі болатын болса, онда дөңгелектерден келетін шоғырланған жүктемелердің таралуының жалпы енін $b_{p2} = b_{p1} + \sum c_i$ тең қабылдау керек.



8.1-сурет – Аркалық төсемге балласт сеппесі арқылы теміржол құрамынан жүктеменің таралуы [11]



8.2-сурет – Төсемнің болат аркалықтарына автомобиль дөңгелегінен келетін жүктеменің таралуы [11]

8.2 Көтеру қабілетін тексеру

8.2.1 Құрылыс кезеңінде болат аркалықтарды ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 және ҚР ҚН EN 1993-2:2006/2011 нормаларының талаптарына сәйкес әдеттегі металл конструкциялар ретінде беріктікке және тұрақтылыққа есептеу керек.


8.2.2 Пайдалану кезеңінде аркалық төсемді иілуге және көлденең жылжуға көтеру қабілеті бойынша тексеру қажет. Болат аркалықтарда бұрандалы және/немесе пісірілген қосылыстар болған жағдайда оларды сондай-ақ тозуға тексеру қажет.

8.2.3 [6.3.4(2)] Қиманың темірбетон бөлігімен қабылданатын көлденең күш келесі формуладан анықталады:

$$V_{c,Ed} = V_{Ed} (M_{s,Rd}/M_{pl,Rd}), \quad (8.1)$$

мұнда $M_{s,Rd} = N_s z_s = A_s f_{sd} z_s$

z_s – 8.3-суретке сәйкес тең күштің ішкі иіні.



8.3-сурет – ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011, 6.3.4(2)-т. сәйкес 1 немесе 2 класты арқалық төсемнің бөлігі үшін M_{Rd} кезінде кернеулердің таралуы

Болаттемірбетонды көлденең қиманың тік қозғалуға кедергісі $V_{pl,a,Rd}$ болат пішіннің кедергісі ретінде қабылдануы мүмкін. Егер арқалық төсеммен көлденең жылжу күшін қабылдауда темірбетон қима үлесінің шамасы орнатылған болса, онда арқалықтар арасында темірбетон қиманың тік қозғалуға кедергісі ҚР ҚН EN 1992 сәйкес тексерілуі тиіс.

8.2.4 M_{Rd} Иілу кезінде арқалық төсемнің есептік көтергіш қабілетін осы құралдың (8.1)-(8.3) формулалары бойынша анықтау керек. Бұл жағдайда тілінбеген арқалық төсемдердің тіректік қималары үшін болат пішіндердің төменгі ішінара бетондалған қысылған сөресі 8.1-кестенің деректеріне сәйкес жіктелуі тиіс, ал 3-класты пішіндердің қабырғасы оның толық бетондалуында ішінара 2-класқа есептелуі мүмкін.

8.1-кесте – ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011, 5.5.3-т. сәйкес арқалықтардың болат сөрелері үшін c/t максималды мәндері

<div> <div>Прокатты арқалық</div> <div>Дәнекерленген арқалық</div> </div>			Кернеулердің таралуы
Класс	Тип	c/t	$\varepsilon = \sqrt{\frac{235}{f_y}}$, мұнда f_y МПа
1	Прокаттық немесе дәнекерленген	$c/t \leq 9\varepsilon$	
2		$c/t \leq 14\varepsilon$	
3		$c/t \leq 20\varepsilon$	

8.2.5 1 және 2 класты көлденең қималар үшін M_{Rd} иілім кезіндегі тіреу қабілетін анықтау кезінде $(1 - \rho)f_{yd}$ шамаға болаттың есептік кедергісін азайту арқылы көлденең қозғалу әсерін ескеру қажет, мұнда параметр ρ 6.4-формула бойынша анықталады.

8.3 Пайдалану жарамдылығы бойынша тексеру

8.3.1 [5.4.2.9(7)] Арқалық төсемдерді деформациялануға, бетонда жарықшақтың

түзілуіне және динамикалық қаттылыққа тексеру керек. Иілімді және динамикалық сипаттамаларды тексеру кезінде болаттемірбетонды қиманың иілу қаттылығы келесі формуладан анықталады:

$$E_a I_{\text{eff}} = 0,5 \cdot (E_a I_1 + E_a I_2), \quad (8.2)$$

мұнда I_1 – созылған бетонның жарықшақ түзуін ескермей анықталатын болаттың пайдалы балама қимасының таза ауданының инерция моменті;

I_2 – созылған бетонды ескермей, бірақ арматуралауды ескере отырып анықталатын, болатқа келтірілген болаттемірбетонды қима ауданының инерция моменті.

8.3.2 Бетонның шөгуі, сонымен қатар иілімдерді анықтау кезінде температуралық әсерлердің ықпалы балласт жастығынсыз теміржол көпірлерді қоспағанда ескерілмеуі мүмкін.

8.3.3 [7.5.3(1)] Жол берілетін мәндерге дейін жарықшақтардың ашылу енін шектеуге арматуралық өзектердің диаметрі және қадамы есебінен қол жеткізіле алады. Бір болат арқалыққа $A_{s,\min}$ бойлық жоғарғы арматура қимасының минималды ауданын келесі формуладан анықтау керек:

$$A_{s,\min} \geq 0,01 \cdot A_{c,\text{eff}} \quad (8.3)$$

мұнда $A_{c,\text{eff}} = s_w c_{st} \leq s_w d_{\text{ef}}$ – бетонның тиімді ауданы;

$d_{\text{ef}} = c + 7,5d_s$ – бетонның тиімді қалыңдығы;

d_s – $10 \text{ мм} \leq d_s \leq 16 \text{ мм}$ шегінде тағайындалатын бойлық арматураның диаметрі;

c , c_{st} – бойлық арматура үшін бетонның қорғаныстық қабаты (осы құралдың А.26-суреті);

s_w – төсемнің болат арқалықтары арасындағы арақашықтық (А.26-сурет).

Бойлық арматураның s арматуралық өзектердің қадамы $100 \text{ мм} \leq s \leq 150 \text{ мм}$ шегінде болуы тиіс.


А қосымшасы
(ақпараттық)

Заманауи болаттемірбетонды көпірлерінің конструктивті шешімдері мен элементтері

А.1 Қоставрлы және таврлы қималардың металл арқалықтарымен аралық құрылымдар

Көпірлердің барлық конструктивті элементтерінің ішінде аралық құрылымдар әлдеқайда материал сыйымды болып табылады. Аралық құрылымдардың болат элементтері ретінде көлденең оське қатысты симметриялық емес қимамен дәнекерленген қоставрлар тиімдірек болып табылады.

А.1-суретте болат арқалық аралық құрылым берілген, конструктивті сызбаны жабылатын аралықтың шамасына, көпірдің еніне және әсер ететін жүктемелерге байланысты таңдау керек.



1 – басты көпірлік арқалықтар, 2 – жалғастырғыш анкерлік өзектер, 3 – төсемнің тірелуіне арналған көлденең арқалықтар, 4 – көлденең байланыстырғыш арқалықтар


А.1-сурет – Арқалық көпірлердің болат аралық құрылымының конструктивті шешімі

Болат арқалықтар қимасының биіктігі олардың статикалық сызбасына, болаттың маркасына, жүктеу сипатына және салу технологиясына байланысты. Автожол көпірлерінде тілімденген арқалықтар қимасының биіктігін аралық шамасының $1/15 - 1/25$ шегінде, теміржол көпірлерінде 40 - 60 м аралық құрылымының ұзындығында $1/10 - 1/16$ аралық ұзындығында тағайындау керек. Ұзындығы 50 – 80 м тілінбеген арқалықтарда қиманың биіктігін $1/20 - 1/25$ аралыққа тең қабылдау керек. Ұзындығы бойынша

ауыспалы қималар кезінде тірек үстіндегі тілінбеген арқалықтардың биіктігі аралықтың $1/15 - 1/25$ болып қабылданады, ал орташа учаскелерде аралықтың $1/25 - 1/60$ болып қабылданады.


Орташа және үлкен аралықтар кезінде (40-60 м және одан асатын) болаттемірбетонды аралық құрылымдарды негізгі екі металл арқалықтардан орындау керек, бұл конструкцияларды оңтайлы түрде жобалаудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді: «материалдың шоғырлануы» (А.2 және А.3-суреттер). Негізгі арқалықтар арасындағы арақашықтықты жүретін бөлік және тротуар габаритінің еніне байланысты орнату керек.

Өлшемдері, м



А.2-сурет – Симметриялы емес қоставрлы қиманың дәнекерлеу арқалықтарында тұтас құймалы темірбетон плитамен қос арқалықты теміржол көпірінің аралық қимасы [13]


Өлшемдері, м




А.3-сурет – Дамыған төменгі белдікпен металл арқалықтарда тұтас құймалы темірбетон плитамен екі арқалықты теміржол көпірінің аралық қимасы [13]

Аралыққа көлденең бағытта иілім қаттылығын ұлғайту үшін аралық құрылымдардың астау текті қималары пайдаланылуы мүмкін (А.4 және А.5-суреттер).

Өлшемдері, м




А.4-сурет – Төменгі болаттемірбетонды плитамен және болаттемірбетонды арқалықтармен 40м аралықпен қос жолды теміржол көпірінің аралық бөлігінің астау тектес болаттемірбетонды конструкциясы [13]



1 – болаттемірбетонды плита, 2 – металл қабырға, 3 – балласт жастығы,
4 – рельс астындағы темірбетон плита, 5 – жоғарғы болат белдік

А.5-сурет – Төменгі болаттемірбетонды плитамен бір жолды теміржол көпірінің аралық бөлігінің астау тектес болаттемірбетонды конструкциясы [14]


Жүргінші бөліктің темірбетон плитасының аралықтарын азайту үшін басты арқалықтар арасына көлденең арқалықтарға тірелетін аралық бойлық сырғауылдарды орнату керек (А.6-сурет).




1 – бас арқалықтар, 2 – аралық сырғауылдар

А.6-сурет – Аралық бойлық сырғауылдармен екі арқалықты автожол көпірінің аралық қимасы [7]

Шағын аралықтар кезінде (40 м дейін) бас арқалықтардың үлкен санын бір-біріне кішігірім арақашықтықта орналастыру керек, бұл жүргінші бөлік плиталарының қосымша сырғауылдарсыз бас арқалықтардың жоғарғы белдіктеріне тікелей тірелуін қамтамасыз етеді (А.7, А.8 және А.9-суреттер).




А.7-сурет – Үш арқалықты автожол көпірінің аралық қимасы [7]



А.8-сурет – Төрт арқалықты теміржол көпірінің аралық қимасы [7]


Өлшемдері, м




А.9-сурет – Төрт арқалықты теміржол көпірінің көлденең қимасы [13]

Еуропалық тәжірибеде зауытта дайындалған болаттемірбетонды элементтерден тұратын кішігірім аралықтағы құрама көпірлер таралған (А.10-сурет). Соңғылары көбінесе жүру полотносының қабаты бекітілген темірбетон плитамен біріктірілген таврлық қиманың металл арқалықтарын қамтиды (А.11-сурет). Бетонды таврлық қиманың болат арқалықтарымен біріктіру арқалықтардың қабырғаларында түзілген тарақтың көмегімен


жүзеге асырылады (А.50-сурет). Құрама болаттемірбетонды аркалықтарды қолдана отырып көпірлерді іске асыру мысалдары А.12 және А.13-суреттерінде келтірілген.



А.10-сурет – Preflex фирмасының зауытта дайындалған көпірлік болаттемірбетонды аркалықтарының қималары [10]




А.11-сурет – Металл таврлармен құрама болаттемірбетонды көпірлік аркалықтардың көлденең қималарының түрлері [20]



- 1 – Астау тәрізді металл аркалықтармен құрама болаттемірбетонды элементтер,
- 2 – құрама аркалықтармен біріктірілген тұтас құймалы темір бетон плита,
- 3 – гидрооқшаулық, 4 – қиыршық тасты балласт, 5 - шпалдар

А.12-сурет – Таврлы металл Аркалықтармен құрама теміржол көпірінің көлденең қимасы [21]




1 – тіректер, 2,3 - қабырғада түзілген тарақпен болат таврлар, 4 – жалғастырғыш бетон кірістірме

А.13-сурет – Теміржол көпірінің құрама болаттемірбетонды аралық құрылымының тірек учаскесі [15]

А.2 Астау тәрізді және қорапты қималардың металл арқалықтарымен аралық құрылымдар


Үлкен аралықты көпірлерде тік және еністі қабырғалармен астау тәрізді және қорапты қималардың болат қорапты арқалықтарын қолдану керек (А.14-сурет). 60 м-ден 200 м дейінгі аралық ұзындығында осындай көпірлер басқа типтегі көпірлерге қарағанда болаттың шығыны және құны бойынша әлдеқайда тиімді. Осындай қималардың конструкциялық формасы аралық құрылым иілімге ғана емес, сондай-ақ бұралуға жұмыс істейтін уақытша тік жүктеменің эксцентрілік қосымшасының шарттарында көпірлердің жұмысын толық қанағаттандырады.

Астау тәрізді болат арқалықтармен көпірлердің аралық құрылымдарының конструктивті шешімдерінің мысалдары А.15 – А.18-суреттерде келтірілген.




А.14-сурет – Қорап қималы болат конструкциялармен болаттемірбетонды аралық құрылымдар [7]

Өлшемдері, м



А.15-сурет – Жоғарғы темірбетон плитамен біріктірілген астау тәрізді болат арқалықпен теміржол көпірінің аралық қимасы [13]


Өлшемдері, мм



1 – болат табак, 2 – біріктіргіш анкерлер, 3 – тұтас құймалы бетон, 4 – болат белдік, 5 - тіреуіштер


А.16-сурет – Астау тәрізді болат арқалықпен және болат бетон төсеммен автожол көпірінің көлденең қималары [16]

Өлшемдері, м




А.17-сурет – Темірбетон плитамен біріктірілген астау тәрізді болат арқалықпен автожол көпірінің көлденең қималары [16]

Өлшемдері, м




А.18-сурет – Астау тәрізді қиманың металл арқалықтарымен жоспардағы қисық трассаға екі жолды теміржол көпірінің аралық құрылымы [13]

Қорапты болат арқалықтарды (А.19-сурет) олардың майысуға және әсіресе бұралуға қаттылығына қойылатын жоғары талаптар жағдайында қолдану керек. Соңғысы әсіресе жоспардағы қисық трассаларға орнатылатын көпірлер үшін тән. Қорапты арқалықтарды қолданумен көпірлердің аралық құрылымдарының конструктивті шешімдерінің мысалдары А.20 және А.21-суреттерде келтірілген.




1- біріктіретін анкерлер, 2 – бойлық қаттылық қырлары

А.19-сурет – Жоғарғы белдікке дәнекерленген, біріктіргіш анкерлермен болат көпір арқалықтың қорапты қимасы [18]




1 – тұтас құймалы бетон, 2 –құрама болат бетон арқалық

А.20-сурет – Қорапты қиманың болат арқалығымен арқалықты автожол көпірінің көлденең қималары [18]



А.21-сурет – Қорапты қиманың металл арқалықтарымен автожол көпірінің аралық құрылымы [19]


Үлкен аралықты тілінбеген көпірлерде тірек аймағындағы аралық құрылымдардың майысуға жұмыс істеуіне төменгі темірбетон плита қосылуы мүмкін (А.22-сурет). Төменгі белдіктердің қысылуға жұмыс істеуге қосылуынан басқа, темірбетон плита тік жазықтықтан олардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.



Өлшемдері,, мм


А.22-сурет – Жоғарғы және төменгі темірбетон плиталармен біріктірілген астау тәрізді болат арқалықпен автожол көпірінің тірек бөлігінің қимасы [12]

А.23-суретте шағын және орта аралықты автожол көпірлері үшін тұйық контурдың болаттемірбетонды аралық құрылымының конструктивті-технологиялық шешімі келтірілген. Аралық құрылым сыртқы жұмыс арматурасы ретінде қолдану барысында пайдаланылатын металл табак табандықта орындалған, жүргінші бөліктің темірбетон тоғыспа плитасынан және құбырлы қиманың бас арқалықтарынан тұрады. Құбырлардың қымбат болуы себепті осындай көпірлерге деген артықшылықты прокатты қос таврларға беру керек (А.24-сурет).



- 1 – болат құбыр, 2 – темірбетон тоғыспалы плита, 3 – металл табак табандық,
4 – арматура, 5 – бетон, 6 – анкерлік өзектер

А.23-сурет – Болат құбырлы арқалықтармен арқалықты автожол көпірінің көлденең қималары [1]




- 1 – болат арқалықтар, 2 – икемді арматура түріндегі жалғағыш элементтер, 3 - бетон

А.24-сурет – Аралық арқалықтар арасында толымсыз бетон толтырмасымен арқалықты автожол көпірінің көлденең қимасы [18]

А.3 Арқалықты төсемдер

Арқалықты төсемдерді төменгі сөрелері плиталардың төменгі шетімен үйлескен металл арқалықтармен болаттемірбетонды плита түрінде жобалау керек(А.25-сурет).



- 1 – жоғарғы бойлық арматура, 2 – жоғарғы көлденең арматура, 3 – бетон, 4 – төменгі бойлық арматура, 5 – төменгі көлденең арматура, 6 - қалып

А.25-сурет –Толық бетон толтырмамен көпірлік болаттемірбетонды арқалықты төсемнің көлденең қимасы [11]

Арқалық төсемдерді бас көпірлік арқалықтарға немесе бір мезгілде бас арқалықтарға және бойлық сырғауылдарға немесе тек көлденең арқалықтарға тіреу керек.

Арқалықты төсемдер келесі конструкциялық және технологиялық талаптарға жауап беруі тиіс (А.26-сурет):

- болат арқалықтардың номинал биіктігі h $210 \text{ мм} \leq h \leq 1100 \text{ мм}$ шегінде болуы тиіс;
- болат арқалықтар қабырғаларының s_w қадамы $h/3 + 600 \text{ мм}$ және 750 мм мәндерінің азынан аспауы тиіс;

- болат арқалықтардың үстіндегі қорғаныстық қабаттың қалыңдығы c_{st} келесі шарттардан белгіленуі тиіс: $c_{st} \geq 70 \text{ мм}$, $c_{st} \leq 150 \text{ мм}$, $c_{st} \leq h/3$, $c_{st} \leq x_{p1} - t_f$,

мұнда x_{p1} – оң иілу моменті үшін икемді кезеңдегі бейтарап ось пен қысылған бетонның шеткі фибралары арасындағы арақашықтық,

t_f – болат сөренің қалыңдығы,

- бүйір шеттегі бетонның қорғаныстық қабатының қалыңдығы болат сөренің жиегінен кем дегенде 80 мм болуы тиіс;


- болат арқалықтардың жоғарғы сөрелері арасындағы s_f арақашықтық 150 мм кем болмауы тиіс;

- болат арқалықтың төменгі сөресінің төменгі беті бетондалмауы тиіс;

- төменгі көлденең арматура болат арқалықтардың қабырғаларында бұрғылап тесілген саңылаулар арқылы өтуі және шеткі арқалықтардың шегінен тыс анкерленуі тиіс. Арматураның диаметрі 16 мм -ден кем болмауы тиіс, ал қадам 300 мм -ден аспауы тиіс;

- болат арқалықтардың төменгі беті, жоғарғы беттері және төменгі сөрелерінің жиектері тоттанудан қорғалуы тиіс.

Одан басқа, болат арқалықтар жоспарда қисық болмауы тиіс, ал қиғаштық бұрышы 30° аспауы тиіс.



А.26-сурет – Арқалық төсем қимасының геометриялық параметрлері
[ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011, 6.3.1-г.]

А.4 Темірбетон плиталар

Жүргінші бөліктің темірбетон плиталарын жобалау кезінде келесі параметрлерді ескеру керек [5]:

- көлденең қима конструкциясының типі (жазық тоғыспалар түрінде, төменгі және

жоғарғы бойлық қырлармен, қырларсыз жалпақ плита және т.б.);

- материалдың түрі (болатты пайдаланумен ауыр және жеңіл бетоннан, полимербетоннан және фибробетоннан);

- есептік-конструктивті сызба (арқалықтық – тілінген, тілінбеген, консольдық; арка тәрізді; бір және көп аралықты, контур бойынша тірелген; қатты, топсалы, серпімді икемді тіректерде; бас және көлденең арқалықтарға сүйемелдеумен, сырғауылдар; керетін және кермейтін);

- конструктивті -технологиялық сызба және блоктарға бөлу тәсілі (тұтас құймалы, құрама – бойлық, көлденең және бойлық-көлденең бөлумен, құрама-тұтас құймалы);

- конструкция құрылымы (қалыңдығы бойынша бір қабатты және қос қабатты, үш қабатты композитті плита);

- арматуралау типі (әдеттегі өзекті бойлық-көлденең арматура, жалпақ табақты сыртқы арматура, профилденген төсем, алдын ала кернеуленген арматура, дисперсті арматуралау);

- көлденең түйіспе конструкция (тұтас құймалы арматуралық жеңсырықтармен, қатты төсеме бөлшектермен, тұтас құймалы сыналармен);

- қалып типі (алынбалы және алынбайтын, металл, ағаш және композитті материалдардан);

- бас арқалықтармен біріктіру тәсілі (қатты және икемді байланыстырғыштар арқылы).

Жүргінші бөліктің плитасына қойылатын негізгі конструкциялық және технологиялық талаптар болаттемірбетонды аралық құрылымның құрамында оның тағайындалуымен анықталуы тиіс және қамтамасыз етуге жатқызылады [5]:

- жалпы және жергілікті стационарлы емес уақытша жүктемелер кезінде жұмыстың жеткілікті түрдегі беріктігі, қаттылығы және сенімділігі;


- плитаның қимасы және оның үнемділігі бойынша материалдың таралу тиімділігі;

- плиталар түйіспелерінің қаттылығы және су өткізбеуі, кернеулердің шоғырлану аймақтарының болмауы, қысқыш, опырғыш және созғыш кернеулерді қабылдау қабілеті;

- көлік қозғалысының бір қалыптылығы және қауіпсіздігі;

- барлық құрылымды сыртқы ортаның әсерінен қорғау.


Болаттемірбетонды аралық құрылымдардың конструкцияларында бойлық қаттылық қырларымен, бойлық және көлденең немесе тек көлденең қырлармен жалпақ немесе қырлы тұтас құймалы темірбетон плиталарды қолдану керек. Бойлық қырлардың (доғалқиыстардың) өлшемдерін плитаны бас арқалықтармен сенімді біріктіру, жергілікті уақытша жүктемеден теріс иілу моменттерін қабылдауды қамтамасыз ету шарттарынан шығара келе, сонымен қатар біріктірілген қиманың жұмыс биіктігін ұлғайту және жүргінші бөліктің көлденең еңісін жайғастыру қажеттілігімен байланысты белгілеу қажет (А.27-сурет).



А.27-сурет – Бір жолды теміржол көпірінің айнымалы қимасының темірбетон плитасы [7]

Тілінбеген аралық құрылымдарда теріс тіреуіш иілу моменттерінің әсерінен қысу күштеріні қабылдау үшін темірбетон плиталар сонымен қатар болат конструкциялардың төменгі белдіктерімен біріктірілуі мүмкін (А.28-сурет).

Құрама темірбетонды дайындау бойынша дамыған өндірістік база болған жағдайда зауытта дайындалған плиталарды қолдану керек. Металл арқалықтармен біріктіру тәсіліне байланысты соңғылары біртұтас немесе тесікті түрде дайындалуы мүмкін.




1 – темірбетон плитаның төменгі қыры, 2 – плитаның жоғарғы қыры, 3 – болат қос таврдың қабырғасы, 4 – біріктіргіш анкерлік өзектер, 5 – болат қос таврдың төменгі сөресі

А.28-сурет – Болат тілінбеген аралық арқалықтардың төменгі белдіктерімен біріктірілген темірбетон плита [18]


А.29-суретте дәнекерлеудің көмегімен көпірлік арқалықтардың жоғарғы белдіктерімен біріктірілген металл кірістірме бөлшектермен төсемнің біртұтас құрама темірбетон плиталарының конструкциялық-технологиялық шешімі келтірілген.

Тесікті плиталарда аралық болат арқалықтармен біріктіру мақсатында ойықтар түзілген (А.30-сурет). Біріктіруді жоғарғы белдікке алдын ала дәнекерленген қатты тіреуіштер арқылы жүзеге асыруға болады (А.42-сурет). Біріктіргіш бөлшектер ретінде қатты тіреуіштерді қолданған жағдайда олардың және ойықтардың қабырғалары арасындағы арақашықтық рұқсат етілген шектерді назарға ала отырып, толтыру бетонының толық тығыздануын ескеру үшін барлық бағытта жеткілікті болуы тиіс.



А.29-сурет – Дәнекерлеудің көмегімен басты және көлденең көпірлік арқалықтармен біріктірілген құрама темірбетон плиталар [7]

Құрама тесікті плиталарды металл арқалықтармен біріктіруді сонымен қатар цилиндр бастиекті анкерлік өзектердің көмегімен немесе кернелетін беріктігі жоғары бұрандалар арқылы жүзеге асыруға болады (А.46-сурет). Бетондаудың алдында плита арқылы беріктігі жоғары бұрандаларды өткізуге арналған саңылауға металл түтіктерді салуға кеңес беріледі, олар соңында бетонның сырғуынан беріктігі жоғары бұрандалардың тартылуын жоғалтуды азайтады.



А.30-сурет – Металл арқалықтардың үстіндегі доғалқиыстармен құрама темірбетон тесік плита [7]

